



● АЙМАҚ



Арқалық алға қарайды

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов іссапармен Арқалық қа-

ласына барды. Бұл өңір басшысының арқадағы шаһарға екінші рет келуі. Қаладағы мәселелердің мән-жайын білетін облыс әкімі осы жолы күрмеуі

күрделі нысандарға қол ұшын беріп, жаңа жобалар ұсынды. Қаланың алдағы маусымға дайындығын бақылады.



● КӨКТЕМ КҮНІ – ЖЫЛҒА АЗЫҚ

Бәрі ауа райына байланысты

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Облыста егіс жұмыстары қарқын алды. Ауа райының ала-бұртып тұрғанына қарамастан барлық ауданда дала жұмыстары тоқтаусыз жүріп жатыр. Тек, алдыңғы күндері Жітіқара, Денисов аудандарының алқаптарына жауын-шашын мол түскендіктен, шаруалар жұмысты уақытша доғаруға мәжбүр болды.

Жалпы, биыл Тобыл өңірінде барлығы 4 млн. 700 мың гек-

тарға дәнді-дақылдар себіледі. Бүгінде соның 500 мыңнан астамына сапалы тұқым сіңірілді. Сондай-ақ, егістік көлемінің алпыс процентіне картоп, елу процентіне түрлі көкөністер және жиырма бес процентіне майлы дақылдар егілмек.

– Дала жұмыстарын атқаруда әзірге Әулікөл, Аманкелді аудандары алда тұр. Соңғысында көктемгі егіс жұмыстары 30 процентке орындалды, – дейді облыстық ауылшаруашылық басқармасының бөлім басшысы Сәлімжан Есенаманов.

Шаруалардың дені жеңілдетілген бағамен беріліп жатқан жанар-жағар майды тасып алды. Бұл жағынан еш іркіліс жоқ. Тек, ендігі жағдай ауа райына байланысты. Мамыр айының соңы тағы жауынды-шашынды болуы мүмкін дейді «Қазгидромет» орталығының мамандары.

Егер табиғат тосын мінез танытпаса, көктемгі дала жұмыстары 1 маусымға дейін аяқталуы мүмкін. Өткен жылы толассыз жауған жаңбырдың салдарынан егіс науқаны 15-ші маусымда әзер біткен еді.

● БАСПАСӨЗ – 2016

«Қостанай таңы» газетіне 2016 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Сейсенбі, сәрсенбі күндері 12 кейде 16 беттен, жұмада екі рет 16 бет, екі рет «Ақшам» қосымшасымен 24 бет болып шығады. Газет түрлі-түсті болып басылады. «Қостанай таңы» газетіне жазылу бағасы жыл басынан өзгеріссіз қалды, яғни:

- жеке оқырмандарға жазылу бағасы:
6 айға – 2100 теңге.
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:
6 айға – 2500 теңге.

- Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:
6 айға – 1950 теңге.

«Қостанай таңы» газетіне «Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Қостанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

Қостанай қаласы бойынша газеттің индексі:

- жеке оқырмандар үшін – 54626.
- кәсіпорындар мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54627.
- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54625.

Арқалық, Жітіқара, Лисаков, Рудный қалалары бойынша газеттің индексі:

- жеке оқырмандар үшін – 54679.
- зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54680.
- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54678

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

- жеке оқырмандар үшін – 54752.
- зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54753.
- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54751.

● БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Ауыл. Құдалық. Шөй ішіліп, үзіліс болды да, құда-жекжаттар тысқа шықты. Мамырдың мамыражайы. Ауылдан қозы көш жерден көкжиекке селбескен сайын даладағы трактордың дүрілі еміс-еміс естіледі.

– Мораторий дұрыс болды. Әй, осы шындығында



Ие бол!

ауылда жер алатын адам бар ма екен, өзі?– деді келген құда жаңа құдаларына қуақылау сұраулы пішінмен. –Ауылдарыңыз қартайып қалыпты. Ойнап-күліп жүрген жас көрінбейді. Ылғи шалкемпір. Бірді-екілі шаруаның қолы қысқа... Шетелдіктер жалға алса, өзімізден жалданатын кісі таппайды-ау. Ал алпауыттар болса өздерінен басқасын маңайына жолатпайды.

Шуақтап тұрғандар аяқ астынан мұндай сұрақты күтпесе керек, су жаңа бас құданың сөзіне аңтарылып қалды. Ауыл-үйдегілер құдалардан сәл шеткеректеу тұрған Көбей ақсақалдың аузын бақты. Бірақ қарт естісе де, естімеген кісідей тіс жармады.

– Солай-ау, құда. Бірақ қазақта жер жетеді, ешкімнің қолын қақпай, сату керек, жалға беру де керек. Біздің ағайындар, әлі ақша табуға шорқақ, пайда табуға шабан, – деп қаладан келген Сағын.

– Далаға тимеу керек. Тыңайып, тусырап жата берсін, құнарланады! Киіктер көбейсін, мал жайылсын. Болашаққа аманат.

– Үйінді сат, малыңды сат, жаныңды сат, бірақ жерді сатпа жатқа!

Бұдан әрі ала қотан тұрғандар әр тұстан "дұрыс, дұрыс емес" деп гүж-гүжге басты. Бір уақытта наадан бері жақ ашпаған Көбей қарт шарт кетті:

– Ау, құда, бері қараңыз, тыңдаңыз. Жерді де, бізді де құдай жаратты. Бірақ Жаратқан иеміз адам-пендесін сол жер үстінде өмір сүрсін деді. Жерді басып жүргеніміз болмаса, оның жүрегін тыңдамаймыз. Алқынып тұр. Не істемедік, енді?! Мына біздің көкдаланың біраз жерін өз ағайындарымыз-ақ 5-6 жыл жалға алған, әбден берекесін кетірді. Күтпеді, қарамады, тастап кетті. Қазір арамсоюлар, ойран шөп, алабота, шырмауық басып қалған, масқара! Жеріміз қайтіп азбасын, қайтіп тозбасын. Жер-ана деп құр қызыл сөзді қыздырады, түге. Жаны ашымайды. Өу, Сағын інім, той-томалақ, құда-жекжаттан басқа қайда бардың, не істедің? Сендердің қалаңда, білемін, "асфальттағы шаруалардың" ақшасы көп, мұрнынан есекқұрты түсіп отыр. Жылына көктемде бір, күзде бір төбе көрсеткеннен басқа, ауылға не істепті? Олар ненің қадірін білгендей. Қолына күрек-кетпен ұстап көріп пе екен, өзі? Жер – кие. Намысқа тисе тисін: жалқауымыз, дарақымыз. Жердің киіпегі атып кете ме деп қорқамын!

– Көке, Қазақ жері 1 миллиард адамды асырай алады екен. Ал біз бар болғаны 17 миллионбыз. – деді, жиырмадан асқан мұғалім жігіт. – Егер жер меншігінде болса, сана өзгереді. Талап күшейгенде, түйсік оянады.

– Ел дұрыс айтады, жерді қанжығаға бөктеріп ала кете де, ұрлап шекара асырып жібере де алмайсың. Жер жарықтық аялап, күтсең иіп береді, көл-көсір төгіп береді.

"Бос жатқан жер жау шақырады" деген ел сөзі бар. Жеріңе ие бол, ағайын! – деді де, Көбей ақсақал бұрылып жүре берді. Құдалар ләм-мим деген жоқ.

● БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ – ЖЕР

Бейбітшілік және келісім – халық игілігінің негізі



Құрметті жерлестер! Қостанай облысы еліміздің сарқылмас астық қоры болып табылатынын біз мақтан тұтамыз. Бүгінгі уақытта облыста көктемгі дала жұмыстары жүргізілуде.

Соңғы уақытта белең алған жер мәселесіне қатысты сан түрлі пікірлерге байланысты облыстағы діни конфессиялардың бірінің басшысы ретінде жерлестеріме өз пікірімді жолдағым келеді.

Ислам – бейбітшілік діні, ал бейбітшілік жасампаздықтың негізі. Ислам адамдардың ең

жақсы қасиеттерін дамытуға, қайырымдылыққа, мейірімділікке, бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге бағыт көрсететінін атап өткім келеді.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда 100-ден астам этнос пен 18 конфессия өкілдері келісім негізінде бейбіт өмір сүруде. Барлығымыз осы жерде бейбіт еңбек етудеміз. Біз үшін бірлігіміз бен өзара түсіністікті сақтау өте маңызды. Қоғамдағы келісімнің арқасында ғана жақындарымыздың жайлы да тыныш өмірін қамтамасыз ете аламыз.

Әр азамат үшін басты құндылықтар руханият пен адамгершілік болып табылады. Ислам халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан ұлттық, мәдени және діни салт-дәстүрлермен сабақтасады.

Исламның негізгі мақсаттарының бірі – азаматтың рақымшылығын, отбасының саулығын және қоғамның үйлесімділігін қалыптастыру. Мұсылман айналасына зиян мен бейнет келтіретін әрекеттерден өзін-өзі тоқтату қажет.

Исламның бір қағидасы – басыға бағынуға шақырады, яғни, тек қана діни ережелермен өмір

сүру емес, зайырлы заңдарды сақтау қажет. Конституциялық құрылымды мойындау, зайырлы мемлекеттік құрылысқа ниет-тестік көзқарас ешқандай ислам ғұрыптарына қайшы келмейді.

Қымбатты жерлестер! Мен сіздерді табандылық пен сабырлық көрсетуге шақырамын. Ең алдымен тыныштық сақтау қажет, әртүрлі сыбыстарға ермеу керек, бір бірімізге құрмет және ықыласпен қарауымыз қажет.

Мемлекет халықтың пікірін ескере отырып, дер уақытта шаралар қолданып жатыр. Соның бірі – Астанада жер реформасына қатысты комиссия жұмысын бастады. Ақылға салсақ бәрі өз орнына келері анық.

"Жері байдың – елі бай" деп аталарымыз жай айтпаған. Жерімізді тиімді пайдалана алсақ, оның өнімі бүкіл елдің ырысы болмақ.

Ал біздің диқаншыларға егіс науқан сәтті аяқтап, ертең мол астық жинауына тілектеспін.

Бахытбек ТӘЖІМБЕТ,
Қазақстан мұсылмандар
діни басқармасының
Қостанай облысы бойынша
өкіл имамы.

Қабір қараусыз қалмайды

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Мешіт жамағаты осындай үндеу көтерді. Қостанай облыстық, қалалық мешіттерінің бастамасымен әуежай маңындағы зираттарда тазалық жұмыстары жүргізілді. Соңғы күндердегі ауа райының қолайсыздығы салдарынан қорымдардың айналасы ластанған. Темір қоршаудың тозығы жетіп, қабір ішінде шөп өсіп кеткен.

– "Өлі риза болмай, тірі байымайды" дейді. Сондықтан да, қорымға қамқор болу – жер басып жүргендердің міндеті. Бейіт жанында жатқан бос бөтелкелер мен темекі қалдықтарын көргенде жаның ауырады. Төрт тіркеме қоқыс төктік. Сауабы мол істі жүзеге асыру мақсатында мешіт жамағаты жиылып, ағаш ектік. Бұл шараға облыстың бас имамы мұрындық болды, – деді қала тұрғыны Азамат Малшыбаев.

Әрине, көзге ұрып тұрған осы-



нау мәселелерге немқұрайлықпен қарау, салғырттық танытып, босаған бөтелкені бейіт маңына лақтыра салу – сіз бен біздің осал тұсымыз. Қала тұрғындарының осы бастамасы көпке үлгі бо-

ларлық.

СУРЕТТЕ: Мешіт жамағаты бейіт маңын тазалауда. Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● КІТАП ӘЛЕМІНДЕ

Олжас Сүлейменовтің мерейтойына тартымды тарту

Республика жұртшылығы бұл күндері әлемге әйгілі ақын, түрколог-ғалым, тарихшы Олжас Омарұлы Сүлейменовтің 80 жасқа толған мерейтойын кеңінен атап өтуде. Елу жыл бойы Олжасқа іні болып соңынан ерген, дос болып иықтасып қатар жүрген көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, "Түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін" Халықаралық сыйлықтың иегері Сәбит Досанов Олжас жайлы "Наркескен" атты роман жазып, Алматыдағы "Арда" баспасынан жарыққа шығарды. Автор романның бас кейіпкері, әлемге әйгілі ақын, түрколог-ғалым, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің күрмеуі қатты күрделі тағдыры жайлы ой өрбіте отырып, арда тұлғаның бейнесін ел өміріндегі елеулі кезең, халық бастан кешкен басты оқиғалармен байланыстыра бедерлі бейнеленген.

Кестелі тілмен кестеленген қуатты ой, шуақты сезім, он екі өрім қамшыдай шебер өрілген лирика мен трагедия шығарманы абаттандырып, тарту күшін арттыра түскен.



Ауыл азбасын, дала тозбасын десек...

Сонау 2003-2005 жылдар ауылды түлетуге арналғандығын бәріміз жақсы білеміз. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған соңғы дәстүрлі Жолдауында да ауылға айрықша назар аудару керектігі нақты айтылды. Алдағы уақытқа стратегиялық бағыт-бағдарымызды, барымыз бен жоғымызды түгендеп берген бұл маңызды құжат халық арасында жақсы қабылданып, ерекше қолдауға ие болуда.

"Ауыл – біздің анамыз" деуге толық хақымыз бар. Себебі, ауыл – бізді асыраушы, өмір өзегі, өнер көзі, шаруашылық пен тіршілік ошағы. Бұған қоса, ауыл – адамгершілік, парасат ұясы, тіл мен діннің мектебі, салт пен дәстүрдің алтын сандығы, халықтық асыл қасиеттің қазынасы. Ауыл – кең байтақ даламыздың қорғаны, қорғаушысы және оның байлығы мен барының иесі де, киесі де өзі. Біздің кемелгер ата-бабаларымыздың үлгі-өнегесін сақтаушы және оны алға апарушы да осы ауыл. Ата-баба қабірі де осы ауылда жатыр. Ұлылар ауылдан шыққан, ауылда өскен. Қажет десеңіз, мемлекеттің, ұлттың негізі де осы ауылда жасалады. Ұлттық генофонд та ауылда. Бір сөзбен айтқанда, ауылсыз өмір де, өнеге де, қызық та, тұрмыс та жоқ екендігін мойындауымыз керек. Сол алтын қазық – ауылымыздың кейінгі кездері жүдеу ел, жұтаң дала, жұқа тірлікке айналғаны, елдің сиреп, бұрынғыдай киіз үйлер мен малшы ауылдың көзден бұлбұлдай ұшқаны кімкімді де бей-жай қалдырмайтыны анық. Бұрынғы көрсең – көзің, тоқтасаң – көңілің тоятын қаптаған төрт түлік мал еске түседі. Өткен-кеткен ойға оралады, кешегі толықсыған, толған, тойған ел елестейді. Басқасын былай қойғанда, көзінде миллионер колхоз атанған Жанкелдин ауданындағы мен өскен Шилі деген кеңшардың қазір орны ғана бар десек артық айтқандық емес. Кезінде бас Шилі, орта Шилі, аяқ Шилі деген үлкен ауылда қазір шөкімдей ғана болып қалған отыз шақты үй бар. Бұрынғы Бөзілбек, Ақжар, Сасықсор, Қызылкемер деген елді мекендерді қазір іздесең таба алмайсың, қалың шөп өсіп кеткен.

Ауылдағы тәуелсіздіктің алғашқы жылдардағы қиындық, жоқшылық, жұмыссыздық халықтың жайлы жер іздеп қоныс аударуына мәжбүр етті. Жергілікті тұрғындардың туған елді, өскен жерді, ата жұртын, ата-баба қауымын тастап, көшіп кетуіне, осындай жағдайлар ықпал етті. Елдің көшіп кетуі ауылдың, жұмыссыздықтың көбеюіне өкеліп соқты. Бұрын жұрт қымыз, ет, құрт керек десе елге жүгіретін. Тоқшылық десе, мал десе ел еске түсетін,



аңсайтынсың және баратынсың, ел-жұртты, ағайын-туысты көріп, мауқынды басатынсың. Қазір ол көзден бұлбұл ұшуға айналды. Ұйықтасаң да түске жүдеу ел кіреді. Ел көз алдымызда азып-тозып барады. Екі ауылдың арасында жаяулап-жалпылап шұбырып жүрген адамдарға кезігесің. Айта берсек, ауыл мұңы мен мұқтажы еселене береді.

Міне, осындай қиын кезеңде Елбасының халыққа Жолдауы ауыл халқын бір серпілтіп тастады. Келешекке деген үлкен үміт ұялатып, сенім отын тұтатты.

Ауыл дегеніміз – Отан. Ауылмен ел іргесі бүтін болуы керек. Елдің көбі қалаға көшуді мұрат етті. Қала қанша көрікті, тоқ, мәдениетті болғанымен, ел қызметін атқара алмайды. Ауыл кетсе, тіл, діл, дін, салт-дәстүр, халықтың асыл қасиеті қоса кетеді. Қазақ халқы ауылсыз, малсыз, дінсіз, тілсіз өмір сүре алмайды. Қала да ауылмен керікті, ауылмен дәулетті, ауылмен бай. Ұлттық жақсы тәлім-тәрбие де осы ауылдан басталады. Өмірдің тыныс-тіршілігі де, таным-білім де ауылда. Қазақтың қара шаңырағы да ауылда. Ғалым, ақын, әкім болғанымыз да осы ауылдың арқасы. Қазіргі ел басқарып отырған азаматтардың бәрі де ауылда оқып, өсіп-өркендеген адамдар. Ендеше, Елбасымыз қазақтың қара шаңырағын көтеріп тұрған ауыл-анамызды сақтау, түлету жайын тегін айтып отырған жоқ. Елбасының Жолдауында адамның өзі үшін және өзінің отбасы үшін ырыздығын теруіне қажетті жағдай туғызу бағытын нысаналы жүргізу, ауылдық аймақтардың тұрғындарын келешегі жайлы болатындай етіп қоныстандыру, адамдардың экологиялық таза ортада өмір сүруіне, қысқа мерзім ішінде агроөнеркәсіп кешенін дамыту, өлеуметтік салаға ерекше назар аудару, білім беруді, денсаулық сақтауды қаржыландыру, ауызсумен қамтамасыз

ету мен автомобиль жолдарын салу, т.б., маңызды мәселелер көтерілген.

Қазақтың негізін құрайтын дала екендігі даусыз. Ауыл қиналса бүкіл елге әсерін тигізбей қоймайды. Айтпақшы, соңғы кездегі жер мәселесі де елді үлкен алаңдатты. Мыңғыртып мал өсіріп, төрт түлікті азық еткен қазақ жерсіз өмір сүре алмайды. Қашаннан қазақта басты екі мәселе болған. Ол – жер дауы мен жесір дауы. Аталарымыз күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылып, ат үстінде жүріп, ұлан-ғайыр жерін қорғаған. Не үшін, кім үшін? Әрине, келешек ұрпақ үшін. Жер – қазақтың жаны. Сол үшін де балаларымыз бен батырларымыз қасық қаны қалғанша шайқасқан. Жесірін жібермей, жетімін жылатпаған. Жер туралы заңның шала піскен тұстары халық арасында дүрбелең туғызды. "Келісіп пішкен тон келте болмас" дегендей, толық ойластырылмаған, халықтың пікірі ескерілмеген тұстарын кезінде дәл байқаған Елбасы Н.Назарбаевтың заңның кейбір баптарына мораторий жариялауы үлкен көрегенділік болды. Жер туралы мәселені кешігіп шешу туралы арнайы комиссияның құрылуы да халық көңілінен шықты. Бұл тұрғыда атқарылар жұмыстарға тек қана Үкімет немесе басқа да билік басында отырғандар ғана жауапкершілік арқаламауы керек, ол әрбір қоғам мүшесінің белсене араласар міндеті болуы тиіс. Жер – біздің асыраушы анамыз. Бір жаманы – табын-табын малымыз азайып, сол малды бағатын жастардың малдан шығып кеткендігі алаңдатады.

Еркін ел болып, тәуелсіздігімізге ширек ғасыр қалған шақта басымыз бірігіп, ертеңге ұмтылсақ, ауылымызды асқақтатар саналы ел болсақ, ертеңге салтымыз қалары сөзсіз.

Ауылымыз азбасын, даламыз тозбасын десек, ауылға қарай мойнымызды бұрып, оны көркейтуге атсалысып, Елбасы біреу, қалғанымыз оған тіреу болайық, ағайын!

Сұлтанғали ОСПАНОВ,
зейнеткер,
Қазақстан Республикасы
білім беру ісінің үздігі.
Қостанай қаласы.

Тобыл - Торғай ТЫНЫСЫ

Ерлігі үшін марапатталды

Жітіқара. Былтыр Жітіқара қалалық өрт сөндіру бөлімінің қарауыл басшысы Максұт Иманбаев тілсіз жауды ауыздықтау кезінде қаза тапқан болатын. Қызметтік парызын орындау барысында ерлікпен қаза тапқан ержүрек азаматты әріптестері де, жерлестері ұмытпақ емес. Өрт өтінде көз жұмған ердің бұл ерлігі ескерусіз қалған жоқ. II дәрежелі "Айбын" ордені туған жерінде марқұмның жесіріне табысталды.

Көшетке 3 млн. теңге қарастырылды

Рудный. "Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі" АҚ "Ағаш отырғыз" акциясын өткізу үшін 3 млн. теңге бөлді. Оңтүстік-Сарыбай кенішінің санитарлық-қорғау аймағына пирамидалық терек, қарағаш, алма ағашы, татар үйеңкісінің мыңға жуық көшеті, сондай-ақ, қараған мен итмұрын бұталары отырғызылды. Қалған ағаштар Железородная стансасының тұрғын үйлер орналасқан жеріне егілді.

Жылу кәсіпорнына жаңа басшы келді

Қостанай қ. Жылу-энергетикалық компаниясы директорылығын енді Асқар Бекпағанбетов атқарады. Ол 1971 жылы туған. Кәсіби-энергетик. 1994 жылы Мәскеу энергетикалық институтын, 2005 жылы аспирантура тәмамдаған. Техника ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын Ақтөбе қаласындағы жылу-электр орталығында қазандық құрылғыларының машинисі мамандығымен бастаған. 2014 жылдан осы кезге дейін Қызылорда қаласындағы жылу-электр орталығын басқарған.

"Жұлдызды жас ұрпақ"

Қостанай ауд. Оқу жылында ерекше көзге түсіп, сабағын жақсы оқығандар мен түрлі деңгейдегі олимпиадаларда жеңіске жеткен оқушылар осындай атаққа ие болмақ. Сондай-ақ, шәкірттерінің жетістіктерге жетуіне көмекші болған ұстаздар да марапаттан тыс қалмайды. Жергілікті билік өкілдері оқушыларды ынталандыратын ерекше жобаны дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлаған.

Шәкірттерге сертификат берілді

Облыста. Облыстық Марал ишан мешітінде "Сауат ашу" курсынан өткен шәкірттерге сертификат тапсырылды. Білімін жетілдіргендердің бесеуі осы бағыттағы оқуын одан әрі жалғастыруға ниетті. Олар Астана және Алматы қалаларындағы діни білім беретін оқу орындарына баратын болды. Түлектерге сертификат тапсырған ҚМДБ-ның Қостанай облысындағы өкіл имамы Б.Нұрғабылұлы шәкірттерге ақ жол тіледі.

"Маған қымбат туған өлкем"

Аманкелді. Міне, осындай атаумен Қостанай облысының 80 жылдық мерейтойына орай кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсат – өскелең ұрпақты өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету, сөйлеу қабілетін оқылым, тыңдалым әрекеттері арқылы жетілдіру, сөздік қорын молайту. Оқушылардың қисынды ойлау қабілетін дамыту, іздендіру, шығармашылыққа баулу. Өз туған еліне, тұрып жатқан жеріне деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін ояту, табиғатты аялауға шақыру.

Ұлы ерлікке тағзым

Наурызым. Мереке ауылында оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, Жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге бағытталған іс-шара өткізілді. Басқосу барысында халқымыздың тарихын құрметтей білуге, өзге ұлт өкілдерімен достықты нығайтуға тәрбиелеу мақсатында "Ұлы ерлікке тағзым" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Тағылымы мол кеш

Гүлназым
САҒИТОВА

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына байланысты оның мұрасын насихаттау мақсатында ұстаз атындағы Обаған орта мектебінде әдеби-танымдық кеш болып өтті. Осы кеш аясында "Ыбырай оқулары" атты байқау ұйымдастырылды. Қатысушылар көркем сөз оқу, Ыбырай шығармаларынан сахналық көрініс қою, Ыбырайға арнау мен көрме ұйымдастыру бойынша сынға түсті.

Тағылымы мол кеш соңы "Ұлы ұстаз ұлағаты" атты дөңгелек үстелге ұласты. Жиынға облысымызға танымал өлкетанушы Қуаныш Орманов, белгілі ақындар Серікбай Оспанов, Нағашыбай Мұқатов қатысты. Келген қонақтар Ы. Алтынсарин туралы тың деректерімен, мәліметтерімен бөлісіп, жүрекжарды өлеңдерін оқыды. Мектеп оқушылары да Ы. Алтынсариннің шығармаларын мәнерлеп оқып, өнерлерін көрсетті.

Алтынсарин ауданы.

Арқалық алға қарайды



**Диқан – мәрт,
жер – жомарт**

Облыс әкімі әуелі егіс алқабына атбасын бұрды. Жол жиегінен қарағанда жанарыңды жаулайтын тамаша көрініс. Қатар тізіліп, жер жырттып жүрген тракторлар. Бұл – "Возрождение 2004" ЖШС-нің диқандары. 2004 жылдан бері егін егіп, өңірді өнімімен қамтамасыз етіп отырған ірі серіктестіктердің бірі. "Возрождение 2004" шаруашылығының жалпы аумағы – 18 000 гектар. Соның 16 500 гектары – егістік алқап. Ал, қалғаны – жайылымдық жерлер.

– Өткен жылы гектарына 8,9 центнер өнім алдық. Биыл былтырғы межеден асып түсуді көздеп отырмыз. Жыл сайынғы жұмсалатын ақша 20-70 млн. теңгені құрайды. Негізгі жасалатын аграрлы-техникалық операциялар: қар ұстау, ылғалдылықты сақтау, арам шөптерді жою, жер жырту сияқты жұмыстар. Әзірше бәрі ойдағыдай, – дейді серіктестік директоры Алексей Журавский.

Арқалық қаласының әкімі Фазиз Бекмұхамедовтың айтуынша, егіс науқанына 258 тауар өндіруші ұжым қатысып отыр. Оның отызы – жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 228-і – түрлі шаруа қожалығы. Керекті техниканың бәрі дайын. Егін егуді 2-ші маусымға дейін аяқтауды жоспарлап қойған.

Архимед Мұхамбетов барынша сапалы өнім алуды, жұмысты уақытылы істеуді тапсырып, астықты өлке диқандары қашанда, қай жағынан да өзге өңірлерден оқ бойы озық тұру керек екенін айтты.

Шойын жол Шұбаркөлмен жалғанғалы...

Ең алғаш 1956 жылы иін далаға алғашқы құрылыс салушы комсомолдардың екі тобы келді. Содан бері Арқалық бой көтеріп, аты баршаға мәшһүр болғаны белгілі. Сол кездегі жас қаланың бойына қан жүгіртіп, тіршілігіне нәр берген темір жол вокзалының бүгінгі жай-күйімен облыс әкімі де танысты. 1974 жылы тұрғызылған ғимаратқа екі жыл бұрын ҚТЖ қаржысы есебінен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген еді.

– Жаңарып, жанданған Арқалық темір жол вокзалынан Қазақстанның бірқатар аймақтарына және көршілес Ресейге қарай жол ашық. Сонымен қатар, 45 пәтерлік көпқабатты үй салынып, осы мекеменің 12 қызметкеріне баспана берілген. Күту залының көлемі – 70 адамдық. Қосымша орындықтар қарастырылған. 3 билет сату кассасы бар, біреуі арнайы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ашылған. Жалпы, қаладағы темір жол вокзалы бұрынғысынан көш ілгері, – дейді "Арқалық" бекетінің басшысы Зейнеш Баймағамбетова.

2014 жылдың тамыз айынан бастап Арқалық-Шұбаркөл темір жолы пайдалануға берілген болатын. Осы мерзім ішінде 9 млн. 476 мың тонна жүк тасымалданды. Бастапқы жоба бойынша үш жұп пойыз өткізу жоспарланған. Болашақта жолау-



шылар вагонын қосып, жүк тасымалдау эшелонын 10 жұпқа арттырмақ.

Бекет басында жаңа жұмыс орындары ашылды. Арқалық-Шұбаркөл бағыты іске қосылғалы 44 қызметкер жұмысқа орналасқан. ҚТЖ компаниясының ұйғарымымен "Есіл" және "Шұбаркөл" станциялары аралығында қызмет атқаратын Арқалық жол дистанциясы ашылды. Дистанция бойынша Арқалық-Есіл учаскесінен 156, Терісаққан-Шұбаркөл учаскесінен 98 жұмысшы ауыстырылды. Штатты толықтыру үшін әлі 50 адам қажет. Бос орындарға Арқалық қаласының тұрғындарын тарту көзделіп отыр. Олар вахталық үйлерде тұрып, қатынап істейтін болады. Қызметкерлерді жұмыс орынына жеткізу-өкелу міндетін қала маңындағы отарбалар қатынасы атқарады. Қазіргі кезде пойыз айына 4 рет қатынайды, болашақта жиілік көбейетіні анық.

Осы темір жол қатынасы кәсіпкерлер мен инвесторларға үлкен жол ашты. Транзиттік жол қатынасы қаланың кіріс пайдасын жоғарлатып, жолаушылардың уақытын үнемдеп, тиімділікті арттырды. Сондай-ақ, шағын бизнесті жүргізушілерге тауарды пойызбен тасымалдау ыңғайлы болып тұр. Бұл да бір оң нәтиже.

Театрдың тынысы кеңейеді

Қаланың мәдени тіршілігі де облыс әкімінің назарынан тыс қалмады. Ол Арқалық қазақ жасөспірімдер театрына бас сұқты. 1993 жылы бой көтерген ғимаратта мүлдем жөндеу жұмыстары жасалмапты. Мәдени ошақ 320 көрерменге арналған. 59 адам жұмыс істейді. Орташа еңбекақы – 46 472 теңге.

– Бүгіндері театр қызметкерлерін ғана емес, қала тұрғындарын да толғандырып жүрген мәселе – біздің ғимараттың жағдайы. Себебі, көріп тұрғандарыңыздай, тозығы жеткен сахна, қаңырап, пайдаға жарамай жатқан бөлмелер бар. Жабдықтарымыз сені Торғай өңірі өнерге жақын. Өнердің саласы көп. Бірақ театрдың жөні бөлек. Театр – өнердің шыңы. Адам жанының рухани байлығын сақтап, адамгершілігін ұстап қалатын – театр. Сондық-

тан назар аударып, өнерге екпін түсіре кеткен жөн, – дейді театр директоры Зекен Қайдаулов.

Театр ұжымында 20 әртіс бар. Барлығы жергілікті өнерпаздар. Соның үшеуі – ҚР Мәдениет қайраткері. Шығармашылық ұжым Ақтөбе, Қарағанды сияқты облыстарды аралап, өнерлерін жалпақ жұртқа паш етіп жүр. Бүгіндері Көкшетау облысына гастрольдік сапарға кеткен. Келісімен Аманкелді, Жанкелдин аудандарына аттанады.

Елімізге танымал ақын, жерлесіміз Серік Тұрғынбековтің 70 жылдық мерейтойына арнап, "Нұрхан" спектакліне қызу дайындап жатыр екен.

Ең бастысы, сәті түскен іссапардың қорытындысы бойынша, Арқалық қазақ жасөспірімдер театрына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болды. "Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы" бағдарламасы аясында 230 млн. теңге қаржы бөлініп, ғимарат қайта жаңармақ.

Колледждің күйі күрделі

2006 жылы құрылған Арқалық политехникалық колледжінің ғимараты әбден ескірген. 281 студент аспазшы, машина және техникаларды жөндеу, сылақшы, тігінші, бағдарламашы, электрші, шаштараз мамандығы бойынша ғимараттың тек бірінші қабатында білім алуда. Қалған екі қабат оқуға жарамсыз. Облыс әкімі колледжге әдейілеп соғып, мәселенің шешімін қарастырды.

Қала әкімшілігі күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығынды есептеп, сызбасын да дайындап қойған. Артынша үш қабатты қалыпқа келтіріп, медициналық колледжді де осында көшіргісі келеді. Ең бастысы, жылу жүйесін тартып, құбырларды жөндеу керек. Жоспар бойынша барлық жұмыстарды жүзеге асыру үшін 500 млн. теңгеден астам қаражат қажет. Сондай-ақ, әр мамандықты оқытуға қажетті құрал-жабдықтарды да санатқа кіргізгенмен, олар кешеуілдейді, себебі қаржы тапшы. Ал, колледждің көркін кіргізуге облыс әкімі уәде етті.

– Айтулы білім ошағында шетелден тәжірибе жинап келген мамандар жұмыс

істейді. Жыл сайын шәкірт саны да артып келеді. Әлеуеті өлді. Тек осы апатты жағдайдағы ғимаратты аман алып қалсақ екен, – дейді колледж директоры Асқар Оспанов.

Бұдан өзге №4 орта мектепте жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Білім мекемелерінің жағдайын жақсарту үшін облыс басшылығы аянып қалмайды. Балаларға барынша жаңа мүмкіндіктер сыйлауға тырысады.

Алқалы жиында

Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов бірнеше нысандарды аралап шыққан соң жергілікті активпен кездесті. Жиында Торғай өңірі туралы сөз болды. Аймақ басшысы Арқалық қаласы мен Аманкелді, Жанкелдин аудандарының болашағын талқылады. Басты мақсат – моноқаланың әлеуетін арттырып, облыс орталығынан шалғай жатқан елді мекендерге дем беру.

Мәжіліске билік өкілдері мен кәсіпкерлер, құрметті азаматтар және қала жана-шырлары қатысты. Кент жұртшылығының атынан әкім Фазиз Бекмұхамедов сөз сөйледі:

– Арқалық – агро-индустриалды қала. Экономикасының негізгі тірегі – өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы. Былтыр 2,4 млрд. теңгенің өнімін өндірді. Тау-кен өндіру саласында "Қазақстан Алюминий" АҚ Торғай боксит кен басқармасы тұрақты түрде жұмыс істейді. Өткен жылы 1,5 млрд. теңге көлемінде пайда түсірді. 121,2 мың тонна алюминий шикізаты және 65,0 тонна саз балшық алынды. Осы салада 907 адам еңбек етеді. Бұдан өзге "Сыбаға" бағдарламасының аясында алдағы уақытта 320 ірі қара сатып алу жоспарда бар. "Арқалық ауылшаруашылық бекеті" ЖШС мал басын 855-ке дейін көбейтуді көздейді. Оның 320-сы – ірі қара. Қазірдің өзінде 56 жылқы бар. Есеп бойынша, жыл сайынғы бұзау саны 280-ге дейін жетуі мүмкін. Ал бидай өндіруші "Торғай элеваторы" ЖШС мен "Арқалық ауылшаруашылық бекеті" ЖШС 520 мың тоннадан астам ұн шығарды, – деді қала әкімі.

Аграрлық салада алпауытқа айнала бастаған өңірдің тыныс-тіршілігін баяндаған Ф.Бекмұхамедов облыс басшысына бұйымтайын да жеткізді. Қала бюджетінің есебінен құны 7 млн. теңге тұратын 25 орындық автобус сатып алу қажеттігін айтты.

Алқалы жиында жергілікті кәсіпкерлерге де сөз берілді. Кәсібі өрге домалаған бизнес өкілдері болашақтағы жоспарларын алға тартты. Құс фабрикасы, кен өндіру, егіс алқабының қожайындары өз ойларымен бөлісіп, кеңесті. А.Мұхамбетов керек жағдайда көмекке өзір екенін білдірді, тек әр еңбек өз жемісін берсін дейді.

Облыс әкімі Арқалық қаласының биылғы 60 жылдық мерейтойына елдің әр қиырында жүрген жергілікті кәсіпкерлерді шақырып, өз мектебінің, өз қаласының гүлденуіне қол ұшын беріп, перзенттік борыштарын өтеу керек екенін атап өтті. Облыс орталығында басталған "Көркейе бер, Қостанай!" акциясын үлгі етіп, бұл шараның осы жақта да белең алуын бұйырды. Игі жоба дәстүрге айналуы тиіс. Арқалық қаласы.

Торғайда Болат Халықұлы Қосқолов деген жеке кәсіпкер бар. Торғай өңіріндегі жолдарының 354 шақырымы осы жеке кәсіпкердің қарауында. Тарқатып айтсақ: Шұбалаң-Көкалат-Қарасу; Торғай-Шеген-Ақшығанақ; Тоқанай-Саға-Бидайық. Осы аты аталған жолдарға қыстық қақаған аязында, қара бораның да халыққа мінсіз қызмет етіп келе жатқан азамат Болат Қосқоловтың еңбегіне тәнті боласыз. Сондықтан да біз осы бір атан жілік, атпал азаматқа сүйікті газетіміз арқылы рахмет айтуды жөн көрдік. "Бірінші азаматтың отбасы орнықты болса, сол азаматтың басына

қонған бақтың орнықты болуына себеп болады" – дейтін халық сөзі бар. Қосағы Гүлнар Болатпен өмірі еңбекпен жаралғандай десе

маттық адамгершілік қасиетімен өзінің туған еліне есептеспей адал қызмет істеп келеді. Қыстың боранда жолды басып қалған

жырық болған жолды іле қайта бүтіндеп, тегістеп талай жолаушылардың батасына бөленді.

Мен осы биыл 13 мамыр күні Торғайдан келе жатыр едім. Болат Қосқоловтың жақсы ісінің үстінен шықтым. Торғай-Көкалат көтерме жолының солтүстік бөлігінде бір топ техниканың тұрғанын көріп, әдейі бұрылдым. Мен ойладым үлкен жол бөлімінің бригадасы шығар деп. Бұл техникалар екі "К-700", үш құм тиегіш машина, бір жер қазатын техника жұмыс істеп жүр екен. Жол

бойы төселген үйулі тұрған құмдарды көріп: "Мына құмдарды неге жолға үйіп жатыңдар?" деп сұрадым. Құмды төсеп болған соң, сай шұңқырдың бәрін тегістейтін айтты. Бұрын-соңды мұндай жұмыстарды жол бойынан көрмеген мен жұмыс істеп жатқан азаматтарға "Еңбектерің елденсің" деп шын жүректен батамды бердім.

Мұндай ел игілігіне жұмыс істеп жатқан жігіттерге елдің ықылас-алғысы бөлек. Сондықтан газет арқылы жеткізуді жөн көрдім.

**К.КАРБОЗОВ,
Жанкелдин ауданының
Құрметті азаматы.**

Еңбегі - ел игілігіне

де болады. Болат пен Гүлнардың балаларының тәрбиелі, бәрі де жоғары білімді, тегіне тартқан жандар. Текті болатыны – Халық ағамыз оқу-ағарту саласында зейнеткерлікке шыққан, кейін елдің тілегін тілейтін батагей қария болды. Міне, жақсыдан тараған тұқым Болат мырзаға өзінің аза-

уақытта ешқандай сылтау айтпай талай адамды қатерден, бейнеттен аман алып қалды. Өзінің жұмыс кестесіне қарамай-ақ хабарласқан талай жолаушыларға көмек берді. Әсіресе, қыс айларында халыққа көрсеткен қызметі бір төбе. Ал жыл он екі ай жауын-шашыннан соң тілім-тілім, ойық-

Ел тәуелсіздігін жырға қосты



**Нұрболат
МЕШІТБАЕВ**

Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ММ және "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Мирас" мәдениет сарайы" МКҚК ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған "Тәуелсіз елім, тұғырың сенің биікте!" тақырыбында аймақтық ақындар айтысы мәресіне жетті. Бұл өнер сайысының мақсаты – ұлттық рухани құндылықтар негізінде жастарды отаншылдыққа, бірлікке, ынтымаққа, ел тарихына, қаһармандыққа тәрбиелеу, ұлттық дәстүрі мен мәдениетіне, әдеби мұрасына құрметпен қарау әрі сөз өнері арқылы тарихи ұлы тұлғаларды ұлықтап, өрліктерін насихаттау еді. Айтысқа Қостанай және Арқа-



лық қалаларының жас ақындары қатысып, шеберліктерін байқатты. Қазылар алқасының құрамында Қазақстанның халық ақыны, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті "Өнер" студиясының жетекшісі Әсия Беркенова, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ғұмар Ахметчин, Халықаралық "Шабыт" фестивалінің дипломанты, Қостанай облыстық меценаттар клубының "Шабыт" сыйлығының иегері Мешіт Фазизұлы болды.

Әбден іріктелген сөз өнері додасына төрт жұптан қосылған ақындар шеберліктерін сынады. Олар ел-жер тарихын, бүгінгі қоғамның көрінісін, халықтың тұрмыс-тіршілігін жырға қосты.

Байқаудың нәтижесінде, бірінші орынды арқалықтық Қайролла Хафиз иеленсе, екінші және үшінші орындарды Нәрия Ақбаба мен Нұрсұлтан Қасым өзара бөлісті.

СУРЕТТЕ: айтысқа қатысқан бір топ ақындар.

"Бейбітшілік пен келісім – тәуелсіздік жетістігі"

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында осындай атаумен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі жұмыс бағыттарын талқылауға арналған дөңгелек үстел өткізілді. Оған институттың профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, колледж, мектеп мұғалімдері және "Нұр Отан" партиясы қалалық филиалының өкілдері қатысты. Модераторы п.ғ.к., ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру және халықаралық байланыс проректоры Г.А.Мұсабаева.

Шара барысында АрқМПИ оқытушысы М.Өтеулі – "Толеранттылық – Қазақстандық қоғамдағы келісім үлгісі", Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның мұғалімі Г.Құрманғалиева – "Наш великий независимый Казахстан глазами детей", медициналық колледждің оқытушысы С.Оташева – "Ассамблея – та-

тулық пен бірліктің тұғыры", институт студенттері: А.Қайырбекова – "Этнокультурное положение Костанайской области (2009-2015)", З.Алданазарова – "Патриоттық тәрбие – халықтар достығы мен бірлігінің негізі", А.Исмаилова – "Қазақстан – бейбітшілік пен келісім әлемі", С.Самедова – "Ұлтаралық келісім – Қазақстан халқының бірлігінің негізі" тақырыптарындағы баяндамалары тыңдалып, бейнероликтер көрсетілді. Сүйсінерлігі қазақ тілінде баяндама жасаған студенттердің дені өзге ұлт өкілдері.

Баяндамашылар өз сөздерінде соңғы бес ғасырда қазақ халқының тәуелсіздік жолында үш жүзден астам ұлт-азаттық көтерілісті бастан өткергенін тілге тиек етті. Сондай-ақ, Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның жетістіктері және мемлекетті дамытуда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың рөліне ерекше тоқталды.

Дөңгелек үстел соңында қатысушыларға алғыс хат тапсырылды. Арқалық қаласы.

Болашақты нұрландырған – Тәуелсіздік

Аманкелді аудандық орталық кітапханаға қарасты ауыл кітапханаларының арасында Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына, Қостанай облысының 80 жылдығына орай апталық өтуде.

Ежелден еркіндік аңсаған қазақ елінің аңсаған мұраты еңселі ел болу еді. Еліміздің сан мыңдаған жылдар бойы аса шытырман таластартыспен мемлекетіміздің өсіп-өніп, шыңға жетіп өркендеуі жолындағы ата-бабамыздың аңсаған еркіндігі – ол өз алдына Тәуелсіз болу еді. Бабалардың арманы, аналардың тілегі болған бақыт – тәуелсіздік алақанымызға қонды. Бұл күнге қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қостық. 25 жыл ішінде Тәуелсіз қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өтіп келеміз.

Жақында Үрпек ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен "Болашақты нұрландырған – Тәуелсіздік" атты мерекелік кеш өтті. Кештің мақсаты – оқырмандар бойында тәуелсіздікке деген құрметті

қалыптастыру, оқушыларды ел-жандылыққа, туған жерді құрметтеуге тәрбиелеу және оқырмандардың кітапқа деген құрметін арттыру. Кешке Аманкелді аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы С.Қадіршинов, орталық кітапхана директоры Р.Әлмағанбетова, кітапхана әдіскері К.Мұсабаева қатысты.

Ауыл кітапханашысы М.Нұржанова кіріспе сөз сөйлеп, оқырман қауымды 6 бөлімнен тұратын кітап көрмесімен таныстырды. Мемлекетіміздің әнұраны орындалып, ауыл әкімі Жақыбаев Ғалымжан Тұрлығұлұлы қатысушыларды мерекемен құттықтап, ел тәуелсіздігі жайында айтып өтті. Кешті ауыл кітапханасының оқырмандары Сақан Сұлушаш және Әсетұлы Арсен жүргізді. Қасымов Әлім жетекшілік ететін кітапхананың тұрақты оқырмандары "Әр жылдан сыр шертеді" бөлімінде еліміздің әр жылдардағы жетістіктерін айтып өтті. Ауылдық кітапхана оқырманы Хайролла Талшынның "Тәуелсіздік" өлеңі, ағайынды Балахметовтердің "Бай-

тақ елім – Қазақстан" әні, Нұргүл Әбілбаеваның жетекшілігімен "Сымбат" бишілер тобы орындаған "Толқын" биі, қыздар тобы орындаған "Желтоқсан желі" әні көпшілік көңілінен шықты.

Бұл іс шараның жақсы өтуіне кітапхананың тұрақты оқырмандары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Серік Жұмабеков, мектеп кітапханашысы Жұмагүлсім Жетпісбаева, музыка пәнінің мұғалімі Жанкелді Байкенов ауылдық кітапханаға өз көмектерін беріп, атсалысты. Кештің соңғы бөлімі Қостанай облысының 80 жылдығына арналды. Жергілікті сазгер Теміржан Жетпісбаевтың "Торғайым" әнін ауыл және мектеп кітапханашылары орындап, мерекелік кешті аяқтады. Кеш соңында кітапхана директоры Р.Әлмағанбетова және кітапхана әдіскері К.Мұсабаева сөз кезегін алып, ауыл әкіміне, мектеп ұжымына, оқырмандарға алғыстарын білдірді.

**Майраш НҰРЖАНОВА,
Үрпек ауылдық округінің
кітапханашысы.**

Аманкелді ауданы.

● ТҰЛҒА



Айналайын ОЛЖАС ТУРАЛЫ СӨЗ

**Сәлім
МЕНДІБАЙ**

Олжас өлең оқып тұр. Саңқылдаған сұңқардай. Өлеңі толған ой, тебіреніс. Өзі қандай, көзі қандай сымбатты. Киім киісі, жүріс-тұрысы – бәрі-бәрі ерекше, бәрі де жарасымды, бәрі де үйлесімді.

Ақынды алғаш көрген біздің қозғалуға шамамыз жоқ. Сілтідей тынып, ұйып қалыппыз. Алматыға оқуға түскен кезіміз.

Содан бәріміз Олжасты оқыдық. Содан бәріміз Олжасты жаттадық. Кезінде оның "Адамға табын, жер, енді!" поэмасын өзіміз де жатқа соға беретінбіз. Және Олжасқа оқығымыз, соның мәнеріне салғымыз келетін. Ол қайдан болсын. Бірақ кейде жолдастардың бас қоса қалғанда "Олжастың өлеңін оқып жібер" дейтіні бар. Оқимын.

Кружись, айналайн, земля моя!

Как никто,
Я сегодня тебя понимаю,
все болезни твои на себя
принимаю,
Я кочую, кружусь по
дорогам твоим...
– Тағы, – дейді.

Жалғастыра жөнелем.
Сволочь – не мелочь,
общественное явление.
Узнать их не просто:
Их цвет отличный – серость...

Осы кезде даусымды да дірілдетем, жанарды да өткірлеймін.

Үйткені мен Олжаспын. Ол менің айтар ойымды, менің іштегі шерімді тарқатып отыр...

Бұл жазбалар Олжекең туралы естелік емес, әрине. Сол кездегі балаң жігіттің ақынға табынуы, көзсіз-сөзсіз табынуы. Өйткені өлең, нағыз өлең құдыреті сол, ол өзіне тартып, құшағына қысып, баурап алады, қаныңды басыңа шығарып, жүрегінді жұлқылайды. Селк еткізеді, серпілтеді.

Бірақ ақынның да ақыны бар. Дәл өз басым Олжастай ақынды көргенім жоқ.

Олжас Омарұлының алпыс жылдық мерейтойы кешінен берілген телерепортажда марқұм Хамит Ерғали атамыз тосын ой айтты. Ол

былай деді:

– Олжас – ақын. Тіпті құдай сүйер қылығы болмаса да – ақын.

Шалың көптектеген жоқ. Тұрасы осы.

Бірақ Олжекеңнің Құдай да, адам да, дос та, дұшпан да сүйер, төңті болар қасиеттерінде сан жоқ, оны санаудың өзі де артық. Біз осындай ұлымызға, осындай ақынымызға, осындай азаматымызға мақтануға тиіспіз. Оны алақанға салып, аялауымыз керек. Өйткені Олжастар – ұлтымыздың төлқұжаты, Қазақ десе ойда Олжас тұрады. Бұл сөзімді біреу құптар, біреу құптамас. Әңгіме онда емес. Әңгіме оның заманына дәп туғанына. Ол өз өлеңін орысша жазбаса орыстардың да ұлы емес, жер бетіндегі халықтардың бәрімен бірдей екенін қалай дәлелдер еді. Дәлелдегені емес пе "АЗ иЯ" кітабы шыққанда аузы алты қарыс Мәскеу академиктері мен Саяси Бюроның да селт ете қалғаны, сөйтіп сезікті секірді. Оны істеген осы Олжас. Содан талай таяқ та жеді, алпауыт аппарат жусатып алуға тырысты. Жусамды жайсаңым.

Сол заманда мұны Олжасымыз ғана айта алды. Бір өлеңін "Биссмилла!" деп бастаған, аруаққа сыйынған ақынды Құдай сақтады. Әйтпесе Мағжан мен Ахметтің кейпін киіп кете берер ме еді, кім білсін...

Мен Олжасты қайталап оқып отырмын. Әдейі орысшасын оқимын:

Мир,
Земля,
шар земной –
Сочетание слов,
Сочетание народов
Мечей
И судьбы,
Сколько твердых копыт
Над тобой пронеслось!
Сіз де Олжасты оқыңыз, оқырман!

Олжаста Тәуелсіздік рухы, ата-баба ар-намысы мен халқымыздың зердесі бар. Олжаста өрлік, Олжаста ұлылық, Олжаста кішілік бар. Тауларды аласартпай, даланы асқақтатқан күш бар Олжаста.

Олай болса, тағы да Олжасты оқиық, ағайын!

● "ҚТ": ЕҢБЕК ДАҢҚЫ МҮЙІСІ

ТЕХНИКАҒА тіл бітірген

Білікті инженер Сәбит
Құдайқұлов туралы сыр

Сәлім
МЕНДІБАЙ



Облыс жұртшылығы,
қала берді, бүтіндей
еліміз Құдайқұловтар
әулетін жақсы біледі.
Үлкен отбасының иесі,
ауыл шаруашылық
өндірісінің білгір
ұйымдастырушысы Кәрім
Құдайқұлұлының бес ұлы
болды: Сәбит, Жәзир,
Уахит, Мұхтар, Жағыпар.
Қандай азаматтар еді,
шіркін... бәрі де ел
аузындағы ұлағатты
ұландар-тын.

Бүгін біз сол ағайынды бө-
сеудің үлкені Сәбит Кәрімұлы
туралы сөз қозғамақпыз. "Әке
көрген оқ жонар". Сәбит те әке
үлгісімен ауылшаруашылық
маманы болды. Тың төсіндегі
кеңшарлар дамып, машина-
трактор паркі жаңа техникамен
толығы түскен сәтте жас жігіт
осы салаға келді. Алматы ауыл
шаруашылық институтын
бітірген жас маманды әуелі
комсомол жұмысына жекті, об-
лыстық комсомол комитетінің
нұсқаушылығына жіберді.

Бірақ ауылда туып, ауылда
өскен өрен кең жазықты, қай-
наған еңбекті, диқандар орта-
сын қалады. Сөйтіп ол 1959
жылы Қамысты ауданындағы
"Орқаш" кеңшарына бас инже-
нер болып ауысты. Жігерлі жас
бірден ел назарын өзіне ауда-
рып, болашағы зор маман
екенін көрсетті.

Ол кезде ауданда мың жа-
рымдай трактор және соншама
комбайн, басқа да мыңдаған
күрделі машиналар болатын.
Егіс көлемінің өзі 600 мың гек-
тарға жететін.

Техникаға қызмет көрсету,
оларды тиімді пайдалану, қо-
салқы бөлшектермен қамтама-
сыз ету, жаңа техникаға тапсы-
рыс беру – бір сөзбен айтқан-
да, техникаға қамқор болар
"Целинсельхозтехника" ұйы-
мына ерекше жауапкершілік
жүктелетін. Қамыстыдағы бө-
лімшенің жүгі мүлдем ауыр еді:
жер шалғай, тыңда орнаған
кеңшарлар арасы қашық, тех-
ника тілін жетік білетін кадр аз.
Міне, дәл осындай сәтте Сәбит
Кәрімұлына ойламаған жерден
ұсыныс түсті. Аудандық партия
комитетінің бірінші хатшысы
Алексей Ярмоленко жас жігітке
"Целинсельхозтехника" аудан-
дық бөлімшесінің бас инже-
нері қызметін ұсынды.

– Аяқ алысыңды жіті бақы-
лап жүрмін, қолыңнан келеді.
Тыңда техникасыз іс бітпейді,
диқан үшін бұл ең басты сала,
– деді.



Сәбит келісті. Ауылшаруа-
шылық техникасының әр бөлше-
гін бес саусағындай білетін жас
маманға енді басшылық, адам-
дармен жұмыс істеу қырларын
үйренуге тура келді. Жаңа тех-
никаға тапсырыс беру, аса зәру
босалқы бөлшектерді табу, сов-
хоздардағы машина-трактор
шеберханаларына көмек көр-
сету, ауданның қоғамдық өмірі-
нен қалыс қалмау – күнделікті
атқаратын іске айналды.

Арада екі жыл өткенде Сә-
бит Кәрімұлы "Целинсельхоз-
техника" аудандық бөлімшесі-
нің басшысы болып тағайын-
далды. Бұл кезде мекеме "Каз-
сельхозтехника" аталған, жұ-
мыс ауқымы да ұлғая түскен,
аудандағы ең бір беделді ме-
кемелердің бірі де сол бола-
тын. Осынау қызметтен аудан
басшылығына тағайындау да
дәстүрге енген түс еді.

Сәкең ауданда "Казсельхоз-
техниканың" жаңа жөндеу
кәсіпорнын салу қажеттілігін
түсінді, түсінді де жоғары жаққа
ұсыныс айтты. Ақыры ойға ал-
ған іс тиянақты жүзеге асыры-
лып, талай техникаға күрделі
жөндеу өздерінде атқарыла
бастады.

Іскер басшы туралы жиі ай-
тылатын болды. Облыста да
беделі жоғары еді. Соның нәти-
жесінде талай жоғары награда-
ларға ие болды, "Құрмет Бел-
гісі" орденімен екі мәрте мара-
патталды.

Сәкеңді білетін жандар
оның іскерлігін, білімі мен
біліктілігін, бауырмалдығы мен
кішіпейілдігін жыр қылып айта-
тын. Достары да көп еді. Қолы
қалт етсе, балық аулайтын,
аңшылыққа шығатын. Бауыр-
ларына қамқор еді. Інілерінің
атағы да алысқа кетсе – ол да
аға ақылы мен үлгі-өнегесінің
жемісі болатын. Бұл туралы
атақты Жәзир Кәрімұлынан да
талай естіп едік. Ауданда бірге
қызметтес болған көптеген аза-
маттар Сәкең туралы ағынан
жарыла ақжарма сыр шертіп
отыра еді.

Ел ықыласының белгісіндей
бұл күндері Қамысты селосын-
дағы бір көше Сәбит Құдайқұ-
лов есімімен аталады.

**СУРЕТТЕ: Сәбит Құдайқұ-
лов.**

**(Сурет редакция мұраға-
тынан алынды)**

● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Сот орындаушысының қызметіне кедергі көп

Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Ұлт жоспары бағдарламасы-
ның 27-қадамында жекеменшік
сот орындаушылар институтын
одан әрі дамыту әрі сот орындау-
шыларының мемлекеттік қыз-
метін біртіндеп қысқарту нақты
көрсетілген. Ал бүгінгідей эконо-
микалық дағдарыс уақытында
мемлекет қазынасын толтыруда
сот орындаушылары белсенді
түрде жұмыс істеуі керек. Ол
үшін мамандар борышкерлерді
өкімшілік жауапқа тартатын жа-
заға дейін бармақ.

Облыстық әділет департамен-
тінде осы мәселені көтерген
жиын болып өтті. Бұл сот орын-
даушылары институты құрылға-
лы алғаш рет ұйымдастырылып
отыр екен. Басқосуға прокурату-
ра, ПД, өңірлік жеке сот орын-
даушылары палатасы өкілдері
қатысты.

Қазіргі таңда облысымызда 51
жеке сот орындаушысы бар.
Олардың көп бөлігі қалаларда
жұмыс істейді. Жыл басында сот
орындаушыларының қолында
борышы барларға қатысты жал-
пы 56,8 мың іс болып, онда 52,5
млрд. теңгеге жуық қаражат қор-
даланып тұрған. Бұл жөнінде де-
партаменттің жеке сот орындау-
шыларының қызметін ұйымда-
стыру бөлімінің басшысы Гүлнар
Сыздықова жылдың алғашқы
тоқсанының қорытындысына
сілтеме жасай отырып баяндады:

– Аталған істердің 8,8 мыңнан
астамы аяқталып, мемлекетке 5,6
млрд. теңгеге жуық қаржы

өндіріліп алынды. Биылғы жылы
былтырғыға қарағанда, 8,7 мың-
нан артық істің келіп түскенін
айта кеткен жөн. Өткен жылдың
бірінші тоқсаны мен биылғы
мерзімді салыстыратын болсақ,
өндіріп алу 20% төмендеп кет-
кенін байқаймыз.

Азаматтар мен заңды тұлға-
лардан жеке сот орындаушыла-
рына қатысты шағымданған 76
өтініш түскен болса, соның ал-
тауы Әділет министрлігі арқылы
келген. Гүлнар Сыздықова ша-
ғымданушылардың көбі борыш-
керлерді тіркейтін "Бүркіт" база-
сынан борышын өтеп болған соң
аты-жөндерінің уақытында алы-
нып тасталмайтынына немесе
мамандардың қателігінен бо-
рышкер емес азаматтардың аты-
жөндерінің тіркеліп кететініне
шағымданатынын айтты. Бөлім
басшысы жеке сот орындаушы-
ларының кейбір әрекетсіздігін,
соның ішінде процессуалдық
құжаттардың ай-күнін белгіле-
меуі, оған қол қоймай, өндіріске
жіберуі, орындау өндірісі
жөнінде мәлімет жеткізбеуі
қатарлы салғырттығын тізіп
берді.

Осындай өрескелдіктерге қа-
рамастан, облысымыздағы жеке
сот орындаушылары борышкер-
лердің шекара асып кетпеуіне
тосқауыл қою жөнінен биылғы
жылы республика бойынша
екінші орында екен. Ал өткен
жылы өңірлік жеке сот орындау-
шылары палатасы негізгі ұйым-
дастыру, қаржы және құжат ай-
налымы жұмыстарын жүргізу,
өндірістегі істерді орындау

тәртібі жөнінен еліміз бойынша
бірінші орынға көтерілген.

Жиында жеке сот орындау-
шылары кейбір сот шешімі шы-
ғып тұрған істерге полиция мен
прокуратура органдарының ара-
ласа алмай, соның кесірінен
жұмыстарына үлкен кедергі ке-
летінін жеткізді. Бір ғана мысал.
Сөз алған сот орындаушылары-
ның бірі өзі айналысып жатқан
күрмеуі қиын іс жайында айтып
берді:

– Менде 2004 жылдан бері
мемлекетке қарыз борышкер
тіркеліп тұр. Қазір сол борыш-
керден берешегін өндіріп алу
өзімді тығырыққа тіреп отыр.
Мәселен, оның 2 жүк көлігі бар.
Борышкер сол көліктерді жалға
береді, олар көрші Ресейдің же-
рінде жүк тасымалымен айналы-
сады. Мен сол мүліктерді тәр-
кілеу туралы сотқа арыз түсір-
дім. Сот біздің пайдамызға шешім
шығарды. Бірақ заңды құжат
бола тұра, ПД мен прокуратура
оларды тәркілеуге әрекетсіздік
танытып отыр.

Қостанай қаласы прокуроры-
ның орынбасары Т.Жүсіпов сот
шешімдері орындалмаған жағ-
дайда, істі жүргізген мамандар-
дың өздерінің өкімшілік және
қылмыстық жауапқа тартылаты-
нын жеткізді. Сол себепті, оларға
сот орындау жұмыстарына нем-
құрайлы қарамауын ескертті.
Сондай-ақ өз ықтиярымен бере-
шегінен құтылмайтын борыш-
керлерді де жауапқа тарту мәсе-
лесін көтеріп, бұл жағынан про-
куратура органдары ықпал етуге
әзір екендігін айтты.

Заңнамадағы өзгерістер – заман талабы

Өткен жылы ҚР азаматтық-процесстік, еңбек,
зейнеткерлікті қамтамасыз ету, өкімшілік құқық-
бұзушылық туралы кодекстері мен "Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына
өзгерістер енгізілді.

Ал 2016 жылдан бастап еліміздің жаңа азамат-
тық процесс кодексі қолданысқа енгізілді. Ең түбе-
гейлі өзгеріс – ол салауатты сот жүйесіне көшу:
жаңа АҚК бірінші апелляциялық, кассациялық
және қадағалау инстанциясы соттарынан тұратын
қазіргі 4-звенолық жүйесінің орнына бірінші ап-
пелляциялық және кассациялық инстанциясы со-
тын кіргізіп, 3 звенолық сот жүйесі бекітілді.
Күшіне енген сот актілерін қайта қарастыру
бойынша қадағалау инстанциясы өкілеттігі ҚР
Жоғары сотының арнайы сот алқасы ұсынған кас-
сациялық инстанциясында жүзеге асырылатын бо-
лады. Бұдан былай облыс және оларға теңістіріл-
ген соттар жүйесінде кассациялық сот инстанция-
сы қысқартылады.

Медиацияны пайдалану ауқымы артты, алдағы
уақытта "бітімгер-судья" процессуалдық тұлға
пайда болады. "Партисипативтік рәсім" – адвокат
көмегімен құрастырылған бітімгершілік келісім
атауымен жаңа институт құрылды. Бітімгерлік
кезінде мемлекеттік бажды қайтару ынта ретінде

қарастырылған.

Енді мерзім уақыты күнтізбелік емес, жұмыс
күндерімен есептелетін болады. Инстанциялық сот
шешімінің шағымдану мерзімі 15 күннен 1 айға
дейін ұзартылды. Бұл Жоғары сотта болатын кас-
сацияны жеңілдетіп, игерушілер барлық зор
көлемді дауды апелляциялық деңгейде қалдыруға
тырысады. Апелляциялық күннен кассациялық
мерзім аралығы – 6 ай. Инвестициялық әділет
институты құрылды.

Кассациялық тәртіпте жеңілдетілген іс жүргізу
істері, бітімгерлік келісіммен аяқталған істер, та-
лап сомасы азаматтар үшін 2 мың АЕК аз, заңды
тұлғаларға 30 мың АЕК кезінде, талап арыздан бас
тартқан кезде, банкрот болған жағдайда сот акті-
лері қайта қарауға жатпайды. Дегенмен, шешім-
дер осы Кодекстің 438 бабының 6-шы бөлігінде
қарастырылған ерекше негіздер бойынша қайта
қарастырылуы мүмкін.

Қазір прокурорлар өз процесстік мүмкіндігін
үш әдіспен өндіреді: талап арыз беру, қорытын-
ды беру және наразылық келтіру.

Б.АКРЕМЖАНОВА,
Қостанай гарнизоны әскери
прокуратурасының аға прокуроры,
әділет майоры.

● КЕЛБЕТ

Қостанай қызы

профессор Бақыткүл Қасқатаева туралы сөз

Бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербеткен аналарымыздың қоғамда алар орны ерекше. Балаға тәрбие беруден бастап қоғамның көз келген салаларында ойып орын алған аналарымыз жетерлік. Осы ретте саналы ғұмырының жарты ғасырын ұлағатты ұстаздық жолына арнап, жанқиярлық ерлігімен, талайды тәтті еткен білімімен, ақыл-парасатымен шәкірт есінде мәңгі сақталатын ұлағатты ұстаз, ардақты ана Қасқатаева Бақыткүл Рахымжанқызы осы мамыр айының 17-ші жұлдызында мерейлі 70 жасқа толып отыр. "Ұстаздық – ұлы іс" деп кемеңгер жазушы Мұтар Әуезов айтқандай, ұрпақ тәрбиелеуде аянбай тер төккен аяулы ұстаздың өмірдерегін оқырман назарына ұсынамыз.

Қасқатаева Бақыткүл Рахымжанқызы 1963 жылы Қостанай қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы №1 мектеп-интернатты, 1968 жылы Алматы қаласы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетінде білім алды. 1968-1974 жылдары Қостанай облысында математика пәнінің мұғалімі, 1975-2000 жылдары Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болып қызмет істеген. 2000-2012 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде доцент, профессор қызметтерін атқарған. 2011-2014 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде профессор қызметін атқарған.

Бақыткүл Рахымжанқызы 1997 жылы "Болашақ мұғалімдерді оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға дайындау" тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, 2000 жылы доцент атағын алған.

Сондай-ақ, 48 жыл ұстаздық қызметінде жоғары математиканың барлық салаларынан дәріс оқып, практикалық және лабораториялық сабақтарды жоғары ғылыми-әдістемелік дәрежеде жүргізіп келеді. Жыл сайын математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі пәнінен "мастер-класс" өткізеді. Жүз жиырмадан астам ғылыми еңбектері баспада жарық көрген, оның ішінде 7 – оқу құралы, 6 – әдістемелік нұсқаулар, 2 – типтік оқу бағдарламасы, 3 – монография



бар.

Бақыткүл Рахымжанқызы 2007 жылы "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" болып, 2009 жылы "Болашақ математика мұғалімін кәсіби дайындауда оның әдістемелік құзырлылығын қалыптастыру" тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

Қазіргі таңда Қасқатаева Бақыткүл Рахымжанқызы тек өз елімізге ғана емес, Ресейге, Жапонияға, Польшаға, Латвияға, Германияға, Америкаға және тағы басқа елдерге танымал ғалым. Ресей жаратылыстану академиясының (РАЕ) корреспондент мүшесі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының (МАИН) академигі. Ғылыми еңбектері үшін Бақыткүл Рахымжанқызы 2015 жылы Еуропаның "EUROPEAN QUALITY" алтын медалімен, РАЕ-ның (Ресей жаратылыстану академиясының) "LABORE ET SCIENTIA – ТРУДОМ И ЗНАНИЕМ" және "PRIMUS INTER PARES – ПЕРВЫЙ СРЕДИ РАВНЫХ" ордендерімен марапатталған. Германияда басылып шыққан "Болашақ мұғалімдерді дайындау", Ресейде шыққан "Инновациялық технологиялар" атты монографиялардың авторы. 2008 жылы Жапонияның Киото педагогикалық университетінде магистранттарға "Геометрияны оқыту әдістемесі" тақырыбында лекция оқып, Жапония ғалымдарымен тәжірибе алмасқан. Жапонияның "Mathematics Education Society in Japan"/ "Математическое образование Японии" халықаралық журналы ассоциациясының мүшесі.

Бақыткүл Рахымжанқызы Алматы облыстық педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында арнайы шақыру бойынша математиканы оқытудың жаңа технологияла-

ры бойынша дәріс беріп тұрады.

Бақыткүл Рахымжанқызы 1985 жылы "Жеңістің 40 жылдығына арналған Одақтық байқаудың лауреаты" медалімен, 1988 жылы "Еңбек ардагері" медалімен, 1998 жылы Қазақстан Республикасы білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Жолдасы Андасов Мырзағали Әбілбайұлы техника ғылымдарының кандидаты, доцент. 1991 жылы қайтыс болған.

Болмысынан шыншыл, тұрашыл, өткір әрі сыпайы, жанашыр, төзімді қасиеттерімен ерекшеленген математика саласының майталманы Бақыткүл Рахымжанқызы шәкірттерінің ғана емес, өз балаларының да ұстазы болып, ғылым жолына тәрбиелеген. Қызы Жанар профессор, медициналық институтта декан қызметін атқарады. Ұлы Жарқын Нұрбанкте бас маман, математик-программист. Кенже қызы Марал PhD докторы, Жапонияның Киото қаласында халықаралық зерттеу орталығында ғылыми қызметкер. Ұлдан Мырза, Арслан, Мәлік, Арлан, Санжар деген немерелері бар.

Бақыткүл Рахымжанқызы еңбекқор, ақыл-парасатты, жаңашыл, әділ, шыншыл. Ол студенттерді алғашқы сабағынан бастап пәнге қызықтырып, ақырғы нәтижеге жұмыс істей біледі, сондықтан да әріптестері мен студенттердің арасында беделді.

Бүгінгі таңда мыңдаған шәкірттері еліміздің барлық мекендерінде, әртүрлі салада, басшылық қызметтерде абыройлы еңбек етіп, халқымыздың дамуына өз үлестерін қосып, қызметтерін ойдағыдай атқарып жүр.

Шынайы ұстаздың еңбегі қашанда елеусіз қалмайтыны анық. Оған саналы шәкірттің алғысы жыр болып төгіліп, ән болып айтылады.

Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға, Ұстаздық өткен жалықпас, Үйретуден балаға, – деп Абай атамыз айтқандай, шәкірттерінің өзінен озғанын қалаған ұлағатты ұстаз, ардақты ананы мерейлі 70 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз және еңбегі жемісті болып, шәкірттері мен немерелерінің қызығын көруіне тілектеспіз.

Әбілхан ҮМБЕТҰЛЫ,
АрқМПИ профессоры.

● ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Сағыздай созылған құжат

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Бұл енді біраз қызу талқыға салынған мәселе. Қандай мәселе дейсіз ғой? Тәптіштеп айтсақ, көгілдір отынды есептеуіш құралсыз пайдаланып отырғандарға қойылған тариф туралы. Бұған дейін бір емес, екі рет кері қайтарылған тариф жобасын қоғамдық кеңес мүшелері тағы да кері қайтарды. Себебі, бір адамға 10,6 куб газ пайдалану нормасында біраз шикіліктің барын әрі қостанайлықтар үшін бұл қымбатқа түсетінін кеңес мүшелері түсіндіріп бақса да, құжатты дайындаған энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы аталған норманы өздерінше дұрыс деуде. Бұл тарифті "КазТрансГаз-Аймақ" АҚ енгізіп отыр.

– Бірнеше рет қаралса да, бір тоқтамға келе алмай отырғанымыз рас. Бұл тарифті енгізген "КазТрансГазАймақ" АҚ мен жобаны ұсынған басқарма біздің талабымызды неге түсінбейді? – деп қалды қоғамдық кеңес хатшысы Валерий Вишниченко. – Қазір есептеуіш құралы бар әр үй көгілдір отынды адамына байланысты 3-4 кубтан пайдалануда. Ал, біз бүгін бұл жобаны мақұлдап жіберсек, атымызға сын келмей ме? Біз қарапайым халықтың мүддесін бірінші ойлауымыз қажет. Әр ұсынған құжатты жан-жақты қарамай, пысықтамай қабылдап жіберсек, қоғамдық кеңестің бұл жерде пайдасы көк тиындық болып қалады. Міне, бүгінгі мәжілісте тарифті енгізген мекеме өкілі тағы да жоқ. Қанша шақырсақ та келмеді. Қоғамдық кеңеске пысықып та қарамай ма олар?..

Жобаны ұсынған басқарма басшысының орынбасары Игорь Алексеев "КазТрансГазАймақ" АҚ өкілінің кеңеске келмегенін түсіндіре алмай, кібіртіктеп қалды. Бірақ өзінше ақталмақшы болып:

– Құжатта ұсынылған норма белгілі бір тәртіппен әбден есептеліп Үкіметте бекітіліп қойылған ғой. "КазТрансГазАймақ" АҚ техникалық-экономикалық жағын есептеді. Танысып көріңіздер, – деп еді, кеңес мүшелері бір ауыз-

дан қарсылық білдіріп, тағы бір мәрте тарифті ұсынған мекеме өкілінің осы мәселе жайында егжей-тегжейлі түсіндіріп, бас көрсетпегеніне шамданды.

Сол сәтте сөз алған "Текстильщик" жеке пәтер иелері кооперативінің төрағасы Сергей Соловьев газ нормасына уәж айтты.

– Әлгі мекемеге ("КазТрансГаз Аймақ" АҚ айтып отыр – автор) сұрағымыз көп. Берілген тариф дау туғызады. Кейбір үйлердің есептеуіш құрал орнатуға жағдайы жоқ. Су есептеуіш құралдарына қарағанда газ есептегіштердің бағасы қымбат. Әр адамға 10,6 кубты қайдан алынды? Бұл деген масқара емес пе?! Біздің және кеңес мүшелерінің қарсы екенін біле тұра неге өздері келіп, тиянақтап түсіндірмейді? – деп толық келіспейтіндігін айтты.

Кеңес мүшесі, өңірдегі кәсіпкерлер палатасы филиалының директоры Мұрат Әбенев құжатпен танысқанын, сондықтан норманы уақыт өткізбей қабылдау қажет десе, қаржы басқармасының басшысы Сәуле Аймұхамбетова да әріптесімен толық келісетінін жеткізді.

– Елімізде көгілдір отынға байланысты нормалар әлдеқашан ақ қабылданып қойған. Ал, бізде әлі талқыға түсіп отыр. Сондықтан тезірек шешім шығарып қабылдайық. Есептеуіш құралы бар үй газды үнемдейді. Ал, жоқтары тіпті, 10,6 кубтан да жоғары пайдалануы мүмкін.

Бұл пікірге Сергей Соловьев мүлдем қарсы шықты. Ол әзірге түк түсіне алмай жатып әрі "КазТрансГазАймақ" АҚ өкілінің мәжіліске келіп, өздері белгілеген тарифін түсіндірмей жатып кеңес мүшелерінің қабылдап жібергені халықтың сенімсіздігін тудыратынын сөз етті. Егер барлығы бұлай жалғаса берсе, ендігері мәжіліске келмеймін деді.

Дау біразға дейін жалғасып, ақыры Валерий Вишниченко аталған құжатты президиумға қалдырып, – егер норманы қабылдасақта, біздің өлі "КазТрансГазАймақ" АҚ-на байланысты мәселеміз мұнымен бітпейді, – деді.

Диплом тақырыбы – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Гүлназым САҒИТОВА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінде мемлекеттік қызмет институтын дамытуға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын одан әрі жақсартуға байланысты дипломдық жұмыс тақырыптарын таңдаған өңіріміздегі бір топ жоғары оқу орындарының түлектерімен кездесу болып өтті.

Кездесу барысында студенттер өздерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы айтты. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және алдын алу саласындағы қазіргі заманғы мемлекеттік стратегиясын талқылады. Зерттеу жұмыстарында жоғарыда аталып өткен өзекті мәселелердің алдын алу, қазіргі заманғы мемлекеттік стратегиямызды одан әрі нығайту мен дамытудың жолдары жайлы өздерінің ұсыныстары мен

пікірлерін білдірді. Кездесуде департамент басшысының орынбасары Ә.Досеменов сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қашанда өзекті екенін, сондықтан да оған қарсы күрес, алдын алу шаралары кешенді болуы қажеттігін атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте тек мемлекет тарапынан ғана емес, сондай-ақ барлық өмірлік салаларда азаматтық қоғамның күш-жігерін шоғырландыруымыз қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нәтижелі болуы үшін, біріншіден, мемлекеттік функциясының тұрақты және тынымсыз, екіншіден, қоғам тарапынан бақылау болуы керек.

Кездесу аясында талқыланған дипломдық жұмыстарды жазу және қорғау бойынша ұсыныстар берілді. Өз кезегінде осы жұмыстар мен тәжірибе алдағы оқу жылдардағы жоғары оқу орындарының студенттері үшін ғылыми-зерттеу жұмыс базасының негізі болады.



Байдақ Молдашев – Аманкелді ауданы, Қабырға ауылында дүниеге келген. Соғыс және еңбек ардагері. Ұзақ жылдар бойы өзі туған ауданда есеп саласында еңбек еткен. Торғайдың ел сыйлаған, көне тарихты жетік білген, аузы дуалы қарияларының бірі. Қарт ақынның кезінде «Батырдың ұрпақтары», «Достық» атты жыр кітаптары жарық көрген. Биыл ардақты ақсақалдың туғанына 90 жыл толып отыр. Осы орайда ақынның бұрын еш жерде басылмаған «Қайқы тұлпар» атты дастанын жариялауды жөн көріп отырмыз.

- I -

Жанбөрі кең даланың иесі де,
Сан жетпес қой, сиыры, түйесіне.
Тамсанып, таңдай қағып, таң қалды жұрт
Көктемде егіз тапқан биесіне.

Бір сыншы айтты сөздің орайы кеп:
«Қос құлын түбі жүйрік болады», – деп,
Жан сырын Жанбөріге жайып салды:
«Сонарда қасқырларды соғады», – деп.

Егізді тапсырды бай жылқышыға,
«Сақ бол», – деп, –
бұл даланың ит-құсына».
Қос құлын, аман болса, айнардай,
Малының ырысы мен ұйтқысына.

Қос құлын тартып туған бір-біріне,
Жұп жазбай өткізеді күнді бірге.
Үндері кісінескен шұрқырасып,
Ұқсайды қоңыраудың күмбіріне.

Бірінің белі қайқы – айырмасы,
Күдістеу көрінеді омыртқасы,
Өте ұқсас қалған жері екеуінің,
Ерекше біткен сопақ дәуіт басы.

Жанбөрі «Қайқы» атады бір құлынды,
«Сыпсың күрең» атады бір құлынды.
Осы ат екеуіне тым лайық,
Жөн емес деді, сірә, кім мұңымды.

Тайында қос құлынды үйреттірді,
Мойнына жібек арқан сүйреттірді.
Жаратып, баптап, күтіп өз қолымен,
Секіріп, бұралдырып билеттірді.

Жанбөрі екі тайды күнде байқап,
Қояды анда-санда басын шайқап.
Сыпсыңның жонына егер қарағанда,
Қайқының бұты алшақ, жоны шалқақ.

Жан адам байқамайды оны бірақ,
Айырма екеуінде бары сол-ақ.
Қос күрең таң нұрындай жолақ-жолақ,
Қаз омырау, құлан мойын, қамыс құлақ.

Келгенде арғымақ боп алты жасқа,
Елірді екі бірдей күрең қасқа.
Бір айдай жаратты да терін алып,
Жанбөрі бағып, күтті қара қоста.

Қар түсе нөкер ертіп аңға шықты,
Алдынан құтылмады арлан тіпті.
Екі аттың анықталды біраз сыры,
Сыпсыңнан болып шықты Қайқы мықты.

- II -

Еткендей Жанбөріні мазақ, күлкі,
Бір күні бір ғажайып қызыл түлкі
Маңайда жүріп алды қасақана,
Бейне бір арыстандай дене тұрқы.

Жанбөрі осы сырды тез аңдады,
Алтайы қызыл түлкі көзді алдады,
Қайқыға міне салып тұра қуды,
Қызулық кеудесінде тулап қаны.

Жөнелді қызыл түлкі желдей ұшып,
Жанбөрі қуа берді ізге түсіп.

Жарысқа заулағандай өзі үн қосып,
Алады түлкі әдейі алдын тосып.

Бұл жайға көнігі аңшы қайран қалды,
Қырық жыл бұл далада сайран салды.
Бірақ та көрген жоқ ол мұндай аңды,
Көз құрғыр бұл түлкіні қайдан шалды?!

Таңертең қуып еді, болды бесін,
Биледі бір құмарлық ақыл-есін.
Түлкі алда, Жанбөрі артта, шаң боратып,
Келеді дүбірлетіп дала төсін.



Жанбөрі дейді ішінен: «Бұл не сұмдық?
Заяға жолым кетті жарты күндік.
Қуып ем «Кенжетайдан» жаңа ғана,
Қайдан келді – шаманы қайдан білдік?»

Жанбөрі осы жолы жаман састы,
Қайқыға ашуланып қамшы басты.
Дүрсілін аттың сезіп жақындаған,
Зымырап бауырын жазып түлкі қашты.

Секіріп қырдан ойға құлдырады
Түймедей көз ұшында бұлдырады.
Дал болып мына жайға басын шайқап,
Жанбөрі қабақ түйіп, тұнжырады.

Қайқы да соны сезіп ұшты доптай,
Жылмиып зымыраны атқан оқтай.
Алдында қызыл түлкі бұлаңдайды,
Көз тартып түн ішінде жанған шоқтай.

Аралық бірте-бірте таяулады,
Түлкінің қарқыны да баяулады.
Жанбөрі қуып жетіп, аз бөгелді,
Ұруға көзі қимай аяулы аңды.

Түлкінің майда жібек жалы қандай,
Шоқ тастап кірпіктері қарығандай.
Аң емес қиятұғын оңайлықпен,
Жанбөрі қарай берді жаны қалмай.

Амалсыз тұрып-тұрып соғып алды,
Табанда сойды-дағы, атқа салды.
Бұл кезде күн де батып ұясына,
Маңайды қараңғылық торлап алды.

Жанбөрі атқа қонып, кейін қайтты,
Көңілі желдей есіп келе жатты.

Кездесіп бір қарияға жөн сұрады,
– Бұл маңай Арал теңіз, – деп ол айтты.

- III -

Арада зулап талай жылдар өткен,
Далаға Қайқы тұлпар даңқы кеткен.
Жанбөрі жатыр ауырып, нәр сыза алмай,
Алысып, арпалысып ауыр дертпен.

Бір емші әдейі арнап келіп көрді,
Сонан соң көп ойланып, ақыл берді.

- IV -

Дәріні езіп емші дайындады,
Бабына келгендігін пайымдады.
Ішкізді Жанбөріге дәріні ол,
Өрбіді әңгіме ат жайындағы.

Болды сол Жанбөріге дәрі пайда,
Тар жерде тапты емші сабыр, айла.
Қайқыны елге жайған аңыз етіп,
Жетіпті осы уақытта Абылайға.

Қай адам ұнатпайды тұлпар атты,
Үш жүзге Қайқы ат жайлы жыр таратты.
Бір күні хан Абылай Жанбөріге:
«Қайқыңды маған бер», – деп қолқа сапты.

Бұл қолқа қинаса да жан жүрегін,
Қайтару қиын болды хан тілегін.
Қайқыны Абылайға тартты үнсіз,
Дауылда құлағандай бәйтерегі.

Малға да ыстық өзі жүрген жері,
Және де бағып, күтіп мінген ері.
Көкшеден үш қашыпты Қайқы тұлпар,
Аңсатып «Кенжетайдың» шалғын белі.

Жанбөрі ат келгенде егіліпті,
Ақырап қабырғасы сөгіліпті.
Қайқының жалын құшып, жаны жүдеп,
Көз жасы жаңбыр болып төгіліпті.

Екі рет өз қолымен апарыпты,
Абылайдан алғыс естіп, бата алыпты.
Кетсе де өзге жерге «пенде» болып,
Қайқысы құс қанатты атаныпты.

Қашқанда үшінші рет шідерімен,
Жетпепті ел Жанбөрінің күреңіне.
Өтем деп кетіпті өліп Қайқы тұлпар
Есілдің тасып жатқан сілеміне.

Көрінер бұл ақиқат біреуге аңыз,
Сонда да жырлау оны бізге парыз.
Ұрпаққа жария ғып отырмын мен,
Мойнымда кетпесін деп болып парыз.

Газеттің 22 сәуірдегі санында жарияланған жеті жұмбақтың шешулері

1. Үркер, Жетіқарақшы, Босаға жүл-
дыздары, айдың толық және орта кезі,
күндіз бен түн, жаңа шыққан Күн.
2. Күндіз бен түн, жыл тәуліктері, жыл-
дың айлары, айдың күндері, жыл соңында
артық қалып «бес қонақ» деп аталатын
бес тәулік, жыл ішіндегі апталар.
3. Киіз үй.
4. Егіз таппайды дегені – өлім-жітімін
шығарып тастағаны. Еркек таппайды де-
гені – сойып-жемін айтқаны. Сонда бір
тоқты бір-бірден ұрғашы тоқты беріп
отырса, он жылда 1024 бас болмақ. Бұл
– екі отар қой.
5. Күн мен Ай.
6. Жер.
7. Қыс, жас, тәулік, Көк күмбезі, жыл
санатынан артылған «бес қонақ» тәулік-
тері, Күн, жыл.



Әбдіқадыр ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ

Жиендіктің жазасы

Жылықтарды айдап келе жатқан Орынбайды байқаған Әбілтай да шабындықты қиып өтіп, жолға шықты. Сары желіске салған жылықтар демде-ақ жетіп келді. Орынбай оны артына мінгестіріп алған соң, жұмсақ аяңға көшті.

Бір кезде Орынбай:

– Әбілтай, мен саған бір оңаша өңгіме айтайын ба? – деді ол мойнын сол иығына қарата жартылай бұрып. Аузын жиғанша болған жоқ, аяғын бақабас жапырақ басып жатқан көмескі інге тығып алған құла бие шалт сүрініп барып, түзеліп кетісімен:

– Менің «Сарыадыр» ойпатында бай нағашыларым бар. Бір табын жылықсы бар деп естимін. Бірақ өздері ашкөз, сараң көрінеді. Солардан жиенқұрыққа бір тайқұнан алып қайтайық. Сонда күнде таңертең биелерге де, балыққа да жаяу бармаймыз. Түнгілік ауыл жанындағы көгалға арқандап қоямыз да, балыққа барғанда, жалпы қайда барсақ та, барған жерімізде оттатып аламыз. Көрмейсің бе, ыңғайда екеуміз жаяулап жүргеніміз, сорлап?! Маған серік боп барасың ғой?

– Қалай, ... немен барамыз? ...Бос қайтпаймыз ба?

– Әдейі барғасын – адам бос қайта ма екен? Менің мінген бір жылқыман Есенғұлдардың байлығы кеміп қалмас! Өздері, бірақ, жылқышыларын ұрып-соғып қатаң ұстайды! – дейді. Алдыңғы жылы бір жабағысын қасқырға тарттырдың – деп, Төлебай әкемдердің жиендерін ұрып-ұрып, ақысын да бермей, қуып жіберіпті. Қандай қанағат жоқ, тойымсыз оңбағандар десейші?! Ал... бару жағын ойла-сып көреміз...

Торы ала аяқ айғыр бір мінез көрсеткісі келе ме, алдыңғы екі аяғын сіке, тарпи басып, ой-қастап, одыраң-одыраң етеді. Орынбайдың есіне:

– Осы айғырды неге мініп кетпейміз?.. Түсіпбек қайдан біледі? Айғырым жылқымен бірге, үйірде жүр – деп ойлайды. Бізге «Ақшоқыға» жетіп алсақ болды ғой, ертоқым-жүгенін сыпырып жібергесін, айғыр өзінің үйірін тауып алады. Тек иесінің анда-санда бір «Қызыл үйдегі» бәйбішесіне барып қайтатыны бар еді... соған кеткен кезін анду керек шығар? ...Бұдан әрі ойы пышыраңқырап, тосылғандай болып қалды.

Ертеңіне Орынбай шешелерінен шындықты жасырып, «Аққұдықтағы» Нұртаза балаларынан шапқан ердің қасы мен үзеңгісін алып қайтамыз – деп, Әбілтай – екеуі Түсіпбектің торы ала аяқ айғырын ұстап, ерт-

теп, мінгесіп, жолға шықты. Орынбай өткел тұсындағы тырбиған көк талдардың арасына кеше кешкісін жасырып қойған, қозы қарынға құйған ашыған көжесі мен құрт-ірімшік салған ескі ала қоржынын алды да, «Ақшоқы, қайдасың?» – деп, жорта жөнелді. Торы ала аяқ айғыр көп ұзамай-ақ, бірдеңені сезгендей, құлағын қайшылап, үйірін іздеп, арқырап, кісінегісі келетіндей. Бірақ тізгінді жиі-жиі қаттырақ тартып қойып, Орынбай мұрша бермеді. Ауылдан ұзаған екеуі ауық-ауық екпіндеткен сары желіске, кейде аяңға салып қояды. Мезгіл сәске түске таяғанда, олар «Қаракенгірдің» кеңқолтық, төменгі өткеліне атшалдырып, екеуі жалаңаштанып, тізеден келетін суға түсті. Апыл-ғұпыл су-сындарын ішіп, шүберек дорбадағы ірімшіктерінен екі-үш рет уыстап, ауыздарына құйып-құйып жіберді. Орынбай Әбілтайға үш-төрт ежегей құртты «Қалтаңа салып ал!» деп берді де, өзі де бір ірі малтаны ұртына тастап жіберді. Маңағыдай емес жүрістерін арттырған екеуі бесін кезінде «Ұлытаудың» батыс жағын бөктерлей отырып, «Жалтыр» дөңі ойпатындағы жылқы табынына көрініс берді. Өзек-сайды қуалай біраз шығыс жаққа жүріңкіреп барып, Орынбай бір сәт тоқтай қалды. Аттан секіріп түсіп, өзектің көлеңке жағалауын жаппай көмкеріп өсіп жатқан жалбыздан жұлып-жұлып, қоржынын нығыздай, томпайтып, толтырып алды. Сосын нағашысы Шойынғаптың ауылынан келе жатқан жолаушыдай, астындағы айғырының терін басып, аянда-тып қосқа келді. Еңісте маңайында жылқылар жайылып жатқан, арғы жақ шеті ұзын сорға ұласқан, жалтырап айдын көрінеді.

Бұларды көріп жалшы-жылқышылардың ересегі, өткен қыста қатты боранда қалып, содан неге екені белгісіз, құлағы едәуір мүкістеніп қалған Қопабай шықты. Балалар бас жылқышыға атынан түсіп, сәлем берді. Басқа бөтен ешкім жоқ екен. Жылқышы балалардан біраз жөн-жосық сұрады. Еңгезердей қартаң жылқышының әдеті – денесі қозғалмаса да, бүтелектеген ат сияқты, басын шұғай береді. Өзінің аты-жөнін айтқан кезде, жол сұрасуда құлағының кемістігіне әбден көзі жеткен Орынбай, өзіне кезек келгенде, сөзіне бұлақ етпестен өтірікті қосты да жіберді. Бай нағашысы Шойынғап атаған «жиенқұрығын» алуға келген байдың жиені болды да шықты.

– Не болды, баскеңнің жиені? Көзінді күрең төбедең ала алмай қалдың ғой?! Өзің қаласаң – бар да ноктанды сала ғой!.. – демесі бар ма?

Құдай сәтін салса – кейде өтіріктің де тасы өрге домалайды деген. «Іс бітті – қу кетті», тапа-тал түсте екі бокмұрын бала дүрілдеген байдың бір бас жылқысын олжалап, ауылдарына қарай тартып келеді.

Қош деңіз!...Қырдан асқан соң екеуі атқа қамшы басты. Екеуінде де үн жоқ. Әсіресе, Орынбай ұзағанмен де, артқы жағына жиі-жиі қарағыштай береді. Жүрегі бірдеңені сезе ме?...

Алыстан мұнартып «Ұлытау» көрінді. Күрең төбел сүмектей болып терледі, ептеп тапырақтай бастағасын Орынбай атының басын тартты...

...Бұл кезде Шойынғаптың екі қуғыншысы да бұлардың соңынан салып келе жатқан. «Өтіріктің құйрығы – бір-ақ тұтам» деген. Екі бала кетісімен, екі бие сауым өткенде байдың мына екі шабарманы табыннан сойысқа жылқы алуға келгентұғын. Өтірік-ұрлық «жиенқұрықтың» құпиясы осылай әшкере болып қалған. Шабармандар келген шаруаларын қоя салып, қайта атқа отырған...

...Ұлытаудың батыс жақ бөктеріндегі бір жырымбалақ сайдың бойындағы кішкентай тостаған қарасуға тоқтап, екеуі етпеттей жатып сусындарын қандырды. Сөйтті де, Орынбай Әбілтайдың астындағы айғырдың айылын қайта тартып беріп жатқаны сол еді, үрген иттің дауысы естілердей жер-қыраңнан екі салт атты шыға келді. Сасқақтаған екеуі аттарына міне салып, сайдың бойымен өрлей, тауға қарай шаба жөнелді. Орынбай артында келе жатқан серігіне үзіп-үзіп, ышқынған дауыспен:

– Әбілтай! Қазір сен айғырдың басын өзіне бер! Ол сені, қайтсе де, ауылға апарады!.. Аналар қазір мені қуады!.. Сен қорықпа! Мен оларды «Қаракенгірдің» басына қарай... адастырып кетем!...

Әбілтай тізгінін босатыңқырап еді, астындағы сәуір шапқан бағытын лезде-ақ күннің батысына – үйірі-жеріне қарай бұрып алды. Жүрегі дүрс-дүрс!.. Артына қарамайды! Тек торы ала аяқ қана жал-құйрығы суылдап, бірқалыпты ауаны жарып келеді!...

Орынбай өзеннің тау жақ қысқа бір сабасынан өте бере, қырсық шалғанда, дөнені болдырды. Бір кезде шоқырақтап, аяндауға ойысты. Астарына жарау, бесті ат мінген әккі қуғыншылар қойсын ба, қозы көш жерге жібермей, тым жақындап қалды. Орынбай істің насырға шапқанын сезді де, атынан түсе салып, «Кішітаудың» жақпар тастарын бұқпантайлай, таудың басына қарай жүгірді. Қуғыншы екеудің біреуі болдырған дөненге қарай ойысты да, екіншісі тастарға сүріне-қабына емпелендеп бар жатқан Орынбайды қуып жеткен бойда, ат үстінен, қолындағы қамшысымен тартып-тартып жіберді. Орынбай жан дауысы шыға бакырып, домалап түсті. Деру атын жыңғылдың бұтағына байлай салып, қатаал қуғыншы баланы тағы да шырылдатып, біраз қолының қышуын қандырғандай болды. Қолымен басы-көзін қорғалақтаудан

басқаға шамасы келмеген баланың дереу үстіндегі ескі бешпенті мен жейдесін сыпырып алып, аракідік аяғымен құйрығына теуіп-теуіп жіберіп, тағы қамшының астына алды. Үсті-басы қан-жоса болған Орынбай бір кезде талықсып кетті. Шапшаң шешімге келген екі қуғыншы – екеулеп Орынбайды үлкендеу бір қара тастың үстіне етпетінен сұлата салып, өзінің шылыбымен аяқ-қолын тас қылып байлап, бау шеттерін салмақтылау таспен бастырды. Сөйтті де, біреуі дөненді жетегіне алып, екіншісі артынан қақпайлап, тау етегімен өз жөндеріне кетті...

...Барман ата ауылындағы аңшы жігіт Құрақбай таңсәріден киікке қақпан құратын әдетімен «Шығырлының» жоғарғы суатына бет алып келе жатқан. Алыстан шықылықтаған сауысқандардың дауысын құлағы шалып, соңынан ерткен төбетіне қамшысымен нұсқап, «Ақтөс, айт!» – деді. Ойында ештеңе жоқ, «тәйірі, өлексеге таласқан түлкі-қарсақтардың хабарын білдіргені шығар» – деп ойлады. Қамшы салым жерге шауып барған Ақтөс иесіне қарап, екі-үш рет «әуп!-әуп!» деді. Құрақбай атын тебініп қалып, жетіп барса – айдалада бір еркек бала бір қолын алға қарай соза, етпеттей жатыр. Атынан секіріп түсіп, баланы сәл қырында-та бере, шошып кетті!

– Астапырала! Мынау Рақпан ағамның Әбілтайы ғой!

Баланың үсті-басы топырақ, сол жақ беті көкпенбек, әйтеуір бірдеңеден жер сүзе құлағаны көрініп тұр. Бала былқ-сылқ, бойында жан бар-жоғы белгісіз! Қолын салып көріп еді: жақ асты тамырында әлсіз соғу бар екен!

– Жок, кеудесінде жан бар екен!

Қанжығасындағы торсығын алып жіберіп, аузына нәр тамызды. Шапалды ма, бала болар-болмас, жеңіл ғана тамағынан қорс етіп, дыбыс берді.


Аңшы жігіт күн сәскеге жақындағанда, алдына көлденең салған Әбілтайды үйіне жеткізді.

Ертеңіне, бір есін жиғанда, көзі жасаурап, Орынбайды сұрады. Суыртпақтап сұраумен әкесі баласының одан «Ұлытау» етегінде айырылысқанын білді.

Төртінші күн дегенде, төрт жігіт сол тасқа байланған жерінен әбден қанталап, быржиып, иістеніп кеткен Орынбайдың мәйітін киізге орап, ауылға алып келді...

...Алаң-ғұлаң ес жинағаннан кейінгі Әбілтайдың былдырлап айтқанынан елдің түсінгені: сол күні ымырт үйіріле, әбден қажып, есі тана, айғырдың үстінен құлап түскенге ұқсайды...

...Ол содан кейін де, бір ай үйінен шықпай, көзі үңірейіп жүдеп, шешесі күндіз-түні қасында отырып, емдеп, «қорытқы» құюымен, күтіп-баптауының арқасында жаны қалды.

Жастар
KZЖАСТЫҚТЫҢ
КӨКТЕМІ

Көптен күткен мереке, дүбірлі дода «Студенттік көктем – 2016» өнер фестивалі басталғалы студенттерде дамыл жоқ десе де болатындай. Жыл сайын өтетін шараны жастар жағы асыға күтеді. Ал биыл мерекені Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы мен облыстық «Грин» Азаматтық Альянсы ҚК ұйымдастыруды қолға алған.

Мамыр айында, көктемнің шуақты күндерінде өтетін байқау – бір жыл бойы жан-жақты дайындалатын ерекше шаралардың бірі. Биылғы фестивальдің өзіндік ерекшелігі де мол. Білім, ғылыммен бірге өнерді де, спортты да қатар алып жүрген шығармашыл, талантты жастар өте көп. Оларды шыңдау, оларға қолдау көрсету қашанда қажет. Осы орайда ұйымдастырушыларға алғыс көп.

Екі күн бойы жастар қарап қалмады. Қазақ күресінде білектілер кілемге шықты. Ал сөзге шешен жастар «Жастар – Қазақстанның болашағы» тақырыбында екі лига бойынша ой жарыстырды. Бұл орайда Қостанай мемлекеттік университетінің студенттері бас бәйгені жеңіп, өзге де орындарды қанжығаларына байлағанын атап өтпеске болмас. Оның сыртында біздің жастар ғылым саласында да жетістіктерге жетіп жүр. «Ғылым жастар көзімен» атты ғылыми конференцияда жақсы ойлар ортаға салынды. Спорттық шараларда волейбол, шағын футбол, жүгірісте жастар мықты екендіктерін көрсете білді. Тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдығына арналған фотобайқау да болды. Көрмедегі суреттерден бейбіт елімізді жастар көзімен көруге болар еді.

Фестивальдің жабылуы сондай көңілді, жастардың шабытына оранды десе де болады. Жан-жақтан жиналған студенттер өз оқу орындары үшін жанкүйер болып, бір жұдырықтай бірігіп алған. Бұл өзге емес, өнер, ғылым, спорт үшін тартыс. Орын алғандар алақайлап, бірін-бірі құттықтап, ерекше қуануда. Жастардың шабытында шек жоқ. Жан аянбай намысты қолдан бергісі жоқ. Көздерінде от, жүректерінде жалын бар. Бұл қуантады. «Студенттік көктем» шынымен де дәл осындай атмосферада болуы қажет емес пе.

«EXPO – 2017»:
жастар дайындық
үстінде

Елордада өткелі жатқан «ЭКСПО – 2017» көрмесіне әлемнің жүзден астам мемлекеті, халықаралық ұйымдар қатысады деп күтілуде. «Болашақтың энергиясы» жобасына бас-аяғы 3 миллионға жуық адам келеді деп жоспарланған. Көрме аясында табиғатқа ешбір зияны тимейтін, баламалы энергия көздерінен қуаттанатын құрылғылар көрермен назарына ұсынылмақ. Заманауи технологияның тілін игерген 50-ден астам компания «ЭКСПО – 2017» көрмесіне қатысуға өтініш, тілектерін білдірді.

Қазақтың әсем әні 1925 жылы Францияның үлкен сахнасында шырқалды дегенді естігенде елең етпей қалмайтын қазақ жоқ шығар. Иә, ол шындық. Франциядағы «ЭКСПО» көрмесінде Кеңес әртістері Париж театрларында барлығы 11 концерт берген екен. Бір айта кетерлігі, қияндағы Францияға қазақ топырағынан тек Әміре Қашаубаев ғана барған. Енді осынша уақыттан соң осындай көрме біздің елімізде де өткелі тұр. Бұл шараға жастар да белсене қатысуға дайын.

Қазір жастардың мектеп қабырғасынан бастап ғылымға деген құштарлығы арта түсуде, бірі робот ойлап тауып жатса, екіншісі заманауи техникалық құрылғы табуда, әсіресе Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары алдыңғы қатарда. Біздің университеттің инженерлік-техникалық факультетінің оқытушылары мен магистранттары «ЭКСПО-2017» көрмесіне дайындық үстінде. Инженерлік-техникалық факультетінің магистранттары «ЭКСПО-2017» көрмесіне жер жылуы және баламалы күн энергиясын пайдалану бойынша өз әзірлемелерін әзірлеуде. Олардың әрқайсысында бекітілген ғылыми жұмыс жоспары бар. Ал, диссертацияларын қорғағаннан кейін, патент алу үшін өтініш береді. «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысу үшін волонтерлық топтар, бейнероликтер, флешмобтар, акциялар және «жасыл экономика» республикалық экологиялық форумына қатысады. Біздің аграрлық-биологиялық факультетінің студенттері де өз үлестерін қосуда.

Біздің арманымыз, тәуелсіз Қазақстанымыз экономикада нақты табыстарымен, ұлттық байлығымен, халық игілігімен нығая түсу. Бұл белестерге жетелейтін ұлы арман.

Сымбат БАЙДІЛДИНА,
ҚМУ, 1-курс студенті.

Ауылға келген
жас маман

Осы оқу жылының басында Сарыкөл ауданына 9 жас маман келді. Солардың бірі – Севастополь ауылдық округіне ат басын бұрды.

Бүгінгі таңда Севастополь орта мектебінде еңбек етіп жүрген Данияр Қадыров – география пәнінің маманы. Қостанай педагогикалық институтының география мамандығын тәмамдаған. Өзі Барвин ауылының тумасы.

– Жоғары сыныпта оқып жүргенде мұғалім болуға қатты қызығатынымын. Сол құштарлық мені білім саласына алып келді. Бүгінде жас маман болып еңбек етіп жатқанымды мақтан тұтамын. Болашақта ауылда қалғым келеді. Маған ауыл және ауылдық балаларды оқытқан өте ұнайды, – дейді жас маман.

Сондай-ақ, Данияр Қадыров мектеп ұжымы өзін құшақ жая қарсы алғандығын және тәжірибелі мамандардың көмек қажет болған жағдайда қол ұшын созып тұратындығын да мақтанышпен сөз етті.

Олай болса, Севастополь орта мектебінің ұжымына сіңісіп кеткен жас маманға мұғалім деген мәртебең құтты болып, алда бағындырар белестерін көп болсын демекпіз!

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

Асыққа деген кұмарлық

Кішкентай кезімде үй-дегілердің маған деп жиған асықтарын көшеге алып шығып үлкендермен «Шыр» ойнайтынмын. Ұтысқан-да ұтылып қала беретінмін. Анам әр шыққанымда ұтыспа, жай ойнасаңшы деп ескертетін. Бірақ, бәрібір ұтылып келемін. Кейіннен асығымның саны азая келе басқа ойын түрлерін дұрыс көрдім. Ұпай жинап (өзімізше айтқанда 10-20), арқаласпақ ойнап қызыққа бататынбыз. Үйдегілер қонақтан келгенде міндетті түрде қағазға жаңа

ның студенттерінің ұсынысымен жүзеге асты. Сөйтіп, «Асық Party» деген атаумен әлеуметтік желілерде хабарландыру таратып, дайындық жасадық. Ертесін көптеген студенттер жиналды.

Сайысқа «Шеңбер» ойынын таңдағанды жөн көрдік. Оның бір бөлігін ақ, бір бөлігін кара түспен боялған диаметр 3-4 метр шеңбер ішіне 3 бояулы, 7 бояусыз асық тігіліп тұрады. Ойын шарты жайлы түсіндіре кетелік: кімнің бірінші ату және ақ жақты иеленуі сақаның иірілуіндегі

асықты қайыра тігу және ойыншылардың сақаларын әкеп беріп тұрады. Төреші өз кезегінде ойыншылардың еңкеюі мен аяқтарын сызық бойына дұрыс қоюын қадағалайды. Әрі даулы асық шығуына төрелік айтады.

Жалпы, асық ойындары насихатталып жатыр. Дегенмен қарқынды емес. Тұрақты жарыстар болып тұрса мәселе басқаша болар ма еді. Республикалық, облыстық дәстүрлі турнирлер де жұртың қызығушылығын арттыра түсуге тиіс. Тек бұл ғана

емес, асықты дамытуға кез келген қазақ баласы үлес қосуға тиіс. Кішігірім болса да бейресми түрде жарыс ұйымдастыру қаржыны да талап ете бермейді. Сондықтан ұлттық ойындардың өміршеңдігі әрқайсысымызға қатысты деп санаған жөн. Бұл ойымызды жарысқа қатысушы жігіттердің бірі

Жанат Шайхығали да мақұлдады:

– Асық ойындары Қостанайдың өзінде Наурыз және бірлік мерекелерінде ғана ойнатылады. Мұның бәрі дұрыс, дегенмен әлі де көбейе түссе дейсің. Өйткені асық ойыны үлкенге де кішіге де қызық. Өзге ұлт өкілдері де қызығушылық танытып жататыны бар. Ендеше мұны әуелі өз өңірімізде кеңейтіп, дәстүрге айналдырып алуымыз қажет. Ол үшін анда



барып, мында барып қолдау сұрағанша сіздер секілді жастар өздері де ұйымдастыра берсе болады. Біз де қалыс қалмаған болар едік. Асық болса болғаны. Сақасын иіріп, сайысқа түсемін деушілер өздері-ақ табылады.

Иә, шынымен де, асық ойнаймын немесе ойнап көремін деушілер өздері-ақ табылып жатты. Қатарға қосылған жастардың қарасы қалың. Соның ішінде тіркеліп үлгерген 12 жігіт А және В топтарында өзара бақ сынады. Олардың арасында студенттерден бастап түрлі сала қызметкерлері де болды.

– Мен КМУ-дың ақпараттық жүйелер факультетінің студентімін. Асық ойыны өтетіндігі жөнінде достарымнан естіген соң келдім. Қатысқым-ақ келген, кешігіп қалдым. Былай көрермен болғанның өзі қызық екен. Жігіттер жарап тұр. Біразы жақсы ойын көрсетіп жатыр. Араларында ыңғайы келмей жүргендер де жоқ емес, – дейді, Дарын Смағұл есімді жігіт.

Қысқаша айтқанда, мергендер сайысы тартысты әрі

қызу өтті. Сақасын иіруде ептілік танытып, мергендігімен танылып жатқан жігіттер көп. Дегенмен, екі топтың үздіктері: Боранбайұлы Мағжан мен Аманбаев Наурызбай кім мықтыны жеке дара анықтады. «Асық Party»-дың сұрмергені әрі жеңімпазы – Аманбаев Наурызбай атанды. Жеңімпаздарға ГӨФ-нің тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары Анар Барсақбаева грамота мен шағын сыйлықтар табыстады. Мұнымен бәрі біткен жоқ. Одан кейін де түрлі ойындар ойнап, қызықты уақыт өткіздік.

Қорыта айтқанда ұлттық ойын асық атуға деген жастардың бетбұрысы жаман емес. Келесі жолғы асық ойындарына асық жастар уақытын сұрап, келеміз десті. Осылайша оқу жылының соңын тәуір бастамамен тәмамдадық. Алда жазғы демалыс. Кезекті ойынның уақытын кесіп айта алмасак та, алдағы уақытта міндетті түрде жалғастырамыз деген ниеттеміз.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
КМУ-дың журналистика мамандығының студенті.



ғана мүжілген асық орап әкелетін. Мектеп бітіргелі осы бір ұлттық ойындарды ойнамаған екенмін. Содан бері достарыммен бірге қалада асық ойындарын өткізуді көптен ойластырып жүрміз...

Ойлаған мақсатыңды сөз жүзінде қалдырғаннан жаман не бар. Уақыт өте келетін таптық. Оқытушымыз Саян Тельманованың «кураторлық сағаты» аясында өткізетін болып келістік. Бастама журналистика мамандығы-

түсуіне байланысты. Шыққан асық үшін ойыншы асық түсіне байланысты не үш, не бір ұпайдан иеленіп отырады. Әр ойыншы өз кезегінде үш реттен атып отырады. Ойын үш кезеңнен тұрады. Бояулы асықты шығарған 3 ұпай, жай асықты шығарған 1 ұпайдан иеленеді. Кім бірінші 10 ұпай жинаса сол жеңімпаз атанады. Әр атыстан соң жығылған (шыққан) асық қайта тігіліп отырады. Асық тігуші қолбалалар шыққан

Біздікілер топ жарды

Жақында Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Ауған соғысы ардагерлері «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері Қожабек Қалдановты еске алуға арналған аудандық III-волейбол турнирін өткізді. Аталған жарысқа республика көлеміндегі белді командалар келіп бақ сынады. Бұл турнирден Қостанай облысы спортшылары да қалыс қалмады. Өңіріміздің намысын Алтынсарин ауданының «Алтынсарин» командасы қорғап қайтты. Нәтижесінде барлық командаларды айқын басымдықпен жеңген жерлестеріміз финалдық



ойында танымал ақтөбелік клуб «Казхром» командасымен күш

сынасты. Бұл жолы да қостанайлық команда мықтылықта-

рын дәлелдеп 2-0 есебімен жеңіс тұғырынан көрінді. Турнирдың «Ең үздік шабуылшысы» атағын жастар арасындағы өңіріміздің мықты спортшыларының бірі Ізбасты Асылан иеленді. Сол себептен де жас талант – Асыланнан жарыс жайын сұраған болатынбыз:

– Бұл жарыс қызықты, әрі тартысты өтті. Бірінен-бірі асқан мықты командалар жиналған. Жеңімпаз атанғанымызға қуаныштымыз. Білдей бір волейболшыларды ұтып кету біз үшін мәртебе. Қаншама жарысқа шықтым, бірақ дәл мұндай әсер-

де болмап едім. Біз мұндағылар секілді үлкен клуб емеспіз, соған қарамастан оларға есемізді жібермедік, – деп көңіліндегі ойымен бөлісті ол.

Олай болса біз де талай жеңістерге жетеді деген сеніммен жеңімпаздарға толағай табыс тілейміз.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
КМУ-дың журналистика мамандығының студенті.



Жастар қосымшасының редакторы
Айтолқын АЙҚАДАМОВА.



● ЗАМАНДАС

айналған тұлға еді. Ол өмір бойы ұстаз болып еңбек еткен, көптеген ордендер мен медальдардың иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімінің аузынан «айналайын» деген жылы сөзі түспейтін.

Осы қадірлі апамыз кенеттен дүниеден өткен кезде бәріміз де туған анамыздан айырылғандай күйді бастан кештік. Ол кісіні соңғы сапарға шығарып салуға да қатыстық.

Міне, осы сәтте де құрдасымыз Асхаттың бойындағы барлық асыл да адами қасиеттері

орта мектептерде таңдаған кәсібі бойынша ұстаздық, содан кейін басшылық қызмет атқарды.

Ардақты әкесінен тәлім алған Асхат тіршілікте ақкөңіл, өзгелерге қамқор болғанымен, жұмысқа келгенде өте талапшыл. Өзі өзгелерге қамқорлық танытты. Әрдайым жұмыстың түпкі нәтижесіне көп көңіл бөлді. Сондықтан да шығар, әріптестерінің арасында үлкен беделге ие болды.

Әкесінің кіндік қаны тамған жері Меңдіқара ауданына қоныс аударған соң да қарап отырмады.

Шапағат шуағы

немесе ел құрметіне бөленген азамат Асхат Хасенов туралы сөз

Таныстық достыққа ұласты

Өзімді бала кездегі асыл арманым жүзеге асқан бақытты азаматтардың қатарына қосамын. Өйткені, әскерден оралысымен Алматы қаласына табан тіреп, сол кездегі еліміздегі жалғыз журналистика факультетін 1982 жылы аяқтадым.

1977 жылдың шіліңгір шілде айында Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген ұлтымыздың жігіттері мен қыздары Қазақ мемлекеттік университетінің алдына жиналды. Ол уақытта жоғары оқу орнының бас корпусы қазіргі Темірбек Жүргенов атындағы ұлттық өнер университетінің ғимаратында орналасқан еді.

Бәріміз де шығармашылық байқаудан өткен соң кезекті емтиханға дайындалып жаттық. Болашақ студенттік достарымызбен осы қарбалас шақта танысқан едік. Солардың бірі бүгінгі ғылым кандидаты, көркемсөздің зергері атанған Айгүл Хасенова болатын.

Осы Айгүл бұрынғы Торғай облысының Аманкелді ауданының түлегі болса, мен шырайлы Оңтүстік Қазақстан облысының шипалы суымен аты шыққан курортты Сарыағаш ауданынан едім.

Бәріміз де сынақтан сүрінбей өтіп, студент атандық. Айгүл өте алғыр бойжеткен-ді. Сабаққа да өте тиянақты-тын. Өзінің жібектей мінезімен барша курстастарының арасында үлкен құрметке бөленді.

